AIQYN апта

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

СЕНБІ №135 (4820)
28.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚОРДА

ЕРТЕҢНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ, БҮГІННІҢ ТАЛАБЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейге жасаған жұмыс сапары аясында AI Journey 2026 халықаралық жасанды интеллект конференциясына қатысып сөз сөйледі. Сонымен қатар жастармен кездесіп, іс-шараға орай әзірленген стендтерді тамашалады.



Мемлекет басшысы жасанды интеллект саласындағы деңгейі аса жоғары мамандардың басын қосқан форумға шақырғаны үшін Президент Владимир Путинге алғыс айтып, Ресейдің ғылым мен технологиядағы жетістіктеріне оң баға берді.

– Ресей ежелден данышпан ғалымдарымен, әсіресе, инженерия саласындағы өнертапқыштарымен танымал. Дәл осы жерде Михаил Ломоносов, Дмитрий Менделеев, Иван Кулибин, Николай Лобачевский, Андрей Колмогоров, Александр Попов, Сергей Королев, Константин Циолковский, Игорь Курчатов, Петр Капица және басқа да көптеген ақыл-ой алыптарының есімін атау орынды болар еді. Олардың бәрін бірдей атап-түстеуге қағаз да, уақыт та жетпейді. Академик Сергей Лебедевтің жетекшілігімен әлемдегі ең алғашқы электрондық есептеуіш машиналарының бірі жасалды. Бұл жаңа тұрпатты технологиялық жүйенің қалыптасуындағы маңызды кезең болды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті атап өткендей, осы игі дәстүр қазіргі Ресейде де лайықты жалғасын тапты.

– Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының мәліметіне сәйкес, Ресей бірегей конструкциялар мен модельдер өндірісіне берілген өтінімдер бойынша әлемде екінші орын алады. Оның адамзат дамуындағы маңызына бір сөзбен баға беру қиын. Ресейдің жетекші технологиялық компанияларының, соның ішінде «Сбер» мен «Яндекстің» заманауи әзірлемелері жоғары технологияның дамуына қызығатын, ақпараны ажырата білетін кез келген адамды таңғалдырмай қоймайды. «Яндекс» те, «Сбер» де біздің нарықта кеңінен танымал. «Яндекс» шын мәнінде Қазақстандағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі саналады. «Курчатов институты», «Сколково», «Иннополис», «Технополис» және басқа да маңдайалды мекемелер Ресей мемлекетінің инновациялық инфрақұрылымы қаншалықты ауқымды екенін анық көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу тақырыбы өзіне ерекше жақын екенін, өйткені реформа бағдарламасының басым бағыты ретінде жарияланғанын айтты.

– Биыл 1 шілдеде заңды күшіне енген жаңа Конституциямызда ғылым мен инновацияны дамыту стратегиялық бағыт, ал білім мен прогресс мемлекеттің басты құндылықтары ретінде бекітілді. Дәл осы себепті аталған форум еліміз үшін өзекті. Мұны Қазақстан делегациясының құрамынан да аңғаруға болады. Олардың қатарында ресейлік серіктестермен ықпалдастықты кеңейтуге мүдделі салалық мемлекеттік органдардың басшылары, ірі бизнес пен IT қоғамдастық өкілдері бар. Қазақстан мен Ресейді ғасырлардан тамыр тартатын достық, ортақ тарих, берік экономикалық және жан-жақты гуманитарлық қатынастар байланыстырады. Озық технология саласындағы ынтымақтастық Қазақстан-Ресей стратегиялық серіктестігінің басты бағыттарының бірі болатынына сенімдімін, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, әлем жаңа ғылыми-техникалық революцияның табалдырығында тұр. Оның әсерінен жаһандық экономика, адамдардың дүниетанымы және тұтас мемлекеттер түбегейлі өзгеріске ұшырайтыны анық.

– Жасанды интеллект қазірдің өзінде жекелеген өндірістік және ойлау үдерісін немесе қазір айтылып жүргендей, когнитивтік процестерді автоматтандырумен шектелмей, технологиялық инфрақұрылымның ажырамас бөлігіне айналды. Биыл дүниежүзінде жасанды интеллектіге жұмсалған қаржы шамамен 2,7 триллион долларды құрауы мүмкін. Оның ішінде 1,5 триллионнан астамы цифрлық инфрақұрылымды дамытуға бағытталды. Стэнфорд университетінің зерттеуі бойынша сауалнамаға қатысқан ұйымдардың 88 пайызы өздерінің күнделікті қызметінде жасанды интеллектіні пайдаланатынын мәлімдеген. Екі жыл бұрын аталған көрсеткіш небәрі 55 пайыз еді. Ірі шетелдік технологиялық компаниялардың, соның ішінде ресейлік компаниялардың басшыларымен жиі кездесіп, пікір алмасамын. Жақында NVIDIA жетекшісі Дженсен Хуангпен жүздестім. Сондағы көзімнің жеткені – болып жатқан өзгерістер ұзақмерзімді әрі ол енді тоқтамайды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев технологиялық трансформация геосаяси шиеленіс күшейген, мемлекеттер арасындағы сенімге селкеу түскен кезеңде жүріп жатқанына назар аударды.

– Әлемнің мүлдем жаңа геотехнологиялық картасы пайда болды деуге болады. Озық шешімдерге, есептеу қуатына, білікті кадрларға қол жеткізу мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігіне және қауіпсіздігіне ықпал ететін факторға айналды. Халықаралық ғылыми байланыстарды шектеу, аса маңызды технологияларды аталған үдерісте қатысушы ат төбеліндей топтың қолында шоғырландыру түбі жаһандағы технологиялық теңсіздіктің ушығуына алып келеді. Елдердің арасында тағы бір жіктің қалыптасуына жол беруге болмайды. Керісінше, өзара тиімді халықаралық ғылыми-технологиялық ынтымақтастыққа тиісті жағдай жасау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанды барынша қысқа мерзім ішінде толық цифрланған мемлекетке айналдыруды стратегиялық мақсат ретінде белгілегенін мәлімдеді.

(Жалғасы 2-бетте)

КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Мысыр Президентіне көңіл айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Гиза қаласы маңында болған көлік апаты салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Президент Әбдел Фаттах Ас-Сисиге көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы қайтыс болғандардың туған-туыстарының қайғысына ортақ екенін жеткізіп, бауырлас Мысыр халқына қолдауын білдірді.

ОФТЕЙК-ШАРТ:
ӨНДІРІСКЕ – ӨРІС, КІРІСКЕ – КЕПІЛ

Президенттің «Халықтық құрылыс» бағдарламасы отандық өндірушілер үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынып, импорт алмастыру ісіне тың серпін бермек. Бұл бастамаға Ұлттық қордан 6,5 трлн теңгедей ұшан-теңіз қаржы бағытталады. Сондықтан Үкімет оған жергілікті кәсіпорындардың кеңінен қатысуына және импорттың орнын басатын өнімді қолдауға ерекше көңіл бөлмек. Бұл істе офтейк-шарттардың маңызы зор.

→ 5



БАСПАСӨЗ-2027

AIQYN

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетіне 2027 жылға жазылу басталды



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
			Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 – AIQYN	6 ай 12 ай	18 204,60 36 409,20	13 643,46 27 286,92
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай 12 ай	Қала 9 741,30 19 482,60	Ауыл 9 393,42 18 786,84

KAZPOST

Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21

АҚОРДА

28 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ЕРТЕҢНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ, БҮГІННІҢ ТАЛАБЫ

(Басы 1-бетте)

– Біз осы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияладық. Digital Qazaqstan жалпыұлттық стратегиясы бекітіліп, «Жасанды интеллект туралы» заң мен Цифрлық кодекс қабылданды. Осылайша, цифрлық экономиканы қарқынды дамытуға қажетті құқықтық және институционалдық негіз қаланды. Ең бастысы, аталған ауқымды жұмысты қоғам қолдап отыр, себебі азаматтарымыз және бизнес игілігін көруде. Мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы онлайн қолжетімді, eGov Mobile қосымшасына халқымыздың үштен екісі, яғни, 13 миллион қолданушы тіркелген. Бір апта бұрын жарияланған БҰҰ зерттеуіне сүйенсек, Қазақстан әлемдегі электрондық үкіметтің даму рейтингінде екі жыл ішінде 8 позицияға көтеріліп, 16-орынға табан тіреді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент Қазақстанда электронды қаржы қызметтері дамығанына тоқталды.

– Елімізде технологиялық кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасалған. Былтыр отандық IT-қызметтер экспорты 1 миллиард доллардан асты. Стартаптар мен технологиялық компанияларға қолдау көрсететін Astana Hub технопаркі табысты жұмыс істеп тұр. 2019 жылдан бері Astana Hub орталығына тіркелуші компаниялардың жиынтық кірісі 7 миллиард долларға жуықтады. Қазіргі кезде Astana Hub аясында 2700 стартап пен компания қызмет көрсетеді. Алғашқы «сыңармүйіз стартап» та пайда болды. Қазір оның соңынан басқа да компаниялар ілесіп келеді. Higgsfield деп аталатын стартаптың құны бір жылда 10 миллиард долларға шарықтады, компанияның капитализация деңгейі ұдайы өсіп келеді. Оның негізін қазақтың екі талантты жігіті қалаған. Мен «халықтық цифрлық экономика» құру міндетін қойдым. Интернет заңды кәсіппен айналысып, пайда тапқысы келетін адамдарға қызмет етуге тиіс. Басқаша айтқанда, интернет – «қоқыс жәшігі» емес, жасампаз шығармашылық пен өнімді еңбектің кеңістігі болуы керек. Азаматтарды цифрлық құралдар арқылы жұмыспен қамту үшін нақты шаралар қабылданып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті келешек цифрлық экономикаға маман даярлау ісіне айрықша мән беріліп отырғанын жеткізді. AI-Sana бағдарламасы аясында 100 мыңнан аса студент жасанды интеллектіні қолданудың практикалық дағдыларын меңгеруде.

– Инфрақұрылым мен мамандардың сақадай-сай болуы технологиялық серпіліске кепіл емес екенін біз жақсы түсінеміз. Төл әзірлемелер болуы қажет. Ең бастысы, оны экономиканың кәдесіне жаратқан жөн. Дәл осы себепті жақында Астанада өткен Digital Bridge форумында AI Challenge



бастамасын ұсындым. Оның мақсаты – кәсіпорындар мен бағдарлама әзірлеушілерді нақты өндірістік міндеттерді шешуге жұмылдыру. Ресеймен арадағы серіктестігімізде де осындай тәсілге қажеттілік туындайды деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев энергетикадағы ахуал туралы сөз қозғады. Оның пікірінше, жасанды интеллектіні қарқынды енгізудің нәтижесінде есептеу қуатына сұраныс көбейеді, ал бұл энергия жүйелерінің жүктемесін арттырады.

– Халықаралық энергетика агенттігінің болжамы бойынша 2030 жылға қарай әлемдегі деректерді өңдеу орталықтары 950 миллиард киловатт-сағатқа дейін электр қуатын тұтынуы мүмкін. Бұл – 2024 жылғы деңгеймен салыстырғанда екі есе жоғары. Мұндай жағдайда энергетикалық ресурстардың қолжетімділігі, электр желілерінің сенімділігі және оны тиімді қолдану технологиялық бәсекеге қабілетті болудың негізгі алғышарты саналады. Сондықтан Қазақстан бірнеше атом электр станциясын салу туралы стратегиялық шешім қабылдады. Ресей мен серіктестік негізінде салынатын алғашқы «Балқаш» станциясының құрылысында «Росатом» корпорациясы жетекші рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымдауынша, көлік-логистика саласындағы бірлескен жұмыс та стратегиялық мәнге ие.

– Омбыда өткен Өңіраралық ынтымақтастық форумында жүк тасымалын жетілдіруге, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын басқаруға арналған қазақстандық Smart Cargo және AI Jol жобалары таныстырылды. Қазан айында елдеріміз арасында электронды жүккұжатты пайдалану арқылы автокөлікпен жүк тасымалдау пилоттық режимде сәтті ұйымдастырылды. Басқаша айтқанда, көлік байланыстарын одан әрі цифрландырудың барынша берік негізі қаланды. Енді ұлттық ақпараттық жүйелерді өзара үйлестіріп, осындай инновациялық шешімдерді іс жүзінде қолданған жөн. Бұл – оңай міндет емес, бірақ екі жақ шын ниетпен кіріссе, шешілетін мәселе. Келешекте Қазақстан мен Ресей арасында толыққанды цифрлық көлік дәлізін қалыптастыруға болар еді. Бүгін көрмеде екі елдің жүк тасымалы саласындағы ықпалдастығы алдағы уақытта қалай өрбитіні таныстырылды. Келешегінен көп үміт күтеміз. Табиғаттың өзі сыйға тартқан артықшылығымызды ескерсек, көлік-логистика саласын дамытуда ерен жетістіктерге жете аламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ғылым мен жоғары білім саласындағы ынтымақтастықтың қарқынына оң баға берді.



– Қазіргі таңда елімізде ресейлік университеттердің тоғыз филиалы бар. Ресей Президентімен өзара уағдаластығымызға сай ашылып жатқан «Қазақстан – Сириус» мектебінің алар орны ерекше. Бұл жоба білім саласындағы ықпалдастығымыздың келешегіне қызмет етеді. Аталған мектеп талантты балаларды анықтап, олардың қарым-қабілетін шыңдауда ресейлік тәжірибеге сүйенеді. Мамыр айында Астанада білім беру кешенінің құрылысы басталды. Дәл сондай жоба Алматыда да жүзеге асырылуда, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев интеллектуалдық жүйелердің білім саласына әсерін қаперге алу қажет деп санайды.

– Заманауи технологиялар санаулы секундтарда дайын жауап алуға мүмкіндік береді. Біздің міндетіміз – балаларды өз бетінше ойлануға, ақпаратты сыни тұрғыдан сараптауға, байыпты шешім қабылдауға үйрету. Бұл да оңай міндет емес. Өйткені жастардың өзі бізді, аға буынды қазіргі заманға сай пайдалы нәрсеге үйрете алады. Бірақ біздің өмірлік тәжірибеміз көбірек және жастарға қауіпсіз, өркениетті әлемді, оларға болашақта қажет болатын білімді аманат етіп қалдырғымыз келеді. AI Journey Junior білім беру бағыты аясында оқушылар мен педагогтерге жасанды интеллектіні және жаңа технологияларды жауапкершілікпен қолданудың пайдасын түсіндіретін бірлескен жобаны әзірлеуге болады деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент озық технологиялардың артықшылықтарымен қоса қауіп-қатері де жеткілікті екенін алға тартты.

– Өкінішке қарай, жасанды интеллектіні цифрлық алаяқтық, жалған ақпарат тарату, жеке деректерді заңсыз қолдану, азаматтық инфрақұрылымға шабуыл жасау үшін пайдалануда. 6 қараша күні Иордания Королі II Абдалланың бастамасымен Астанада Ақаба процесінің саммиті өтті. Жасанды интеллект саласындағы қауіпсіздік мәселесі талқыланды. Пікірталастың нәтижесі жаңа технологияны қаскөй әрекеттерге пайдалануға қарсы бірге күресу қажеттігін тағы да растады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті өзі көтерген ұсыныстар, сайып келгенде, мемлекеттер арасындағы сенім капиталын жоғары технологиялар саласындағы жемісті ынтымақтастық барысында жаңа табыстармен толықтыруды көздейтінін айтты.

– Бірлескен бастамалар халқымызға, компаниялар мен кәсіпорындарға пайдалы нәтижеге ұласуға тиіс. Біз өзара құрмет пен қолдауға арқа сүйеп, аталған міндетті лайықты деңгейде жүзеге асыратынымызға сенімдімін. Сөз соңында айтарым, Қазақстан Ресеймен арадағы стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастарды жоғары бағалайды. Кеше мен Қытайда өткен саммиттің қорытындысына және ұлы мемлекеттердің «Үлкен үштігінің» декларациясы қабылдануына байланысты Ресей Президентіне шынайы лебізімді жеткіздім. Геосаяси жағдай күрделі кезеңде Ресейдің осындай статусқа ие мемлекет ретінде мойындалуы – оның көшбасшысы Владимир Владимирович Путиннің еңбегінің нәтижесі. Бұл – айдан анық нәрсе. Оны жоққа шығарамын деп әуре болудың қажеті шамалы, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путин Жасанды интеллект тақырыбына арналған AI Journey 2026 конференциясы аясында жастармен диалог жүргізді.

Қазақстан Президенті халықаралық жасанды интеллект олимпиадасында жеңімпаз атанған жасөспірімдерді осынау бірегей форумға қатысу мүмкіндігіне ие болуымен құттықтады. Оның айтуынша, бұл – өз қарым-қабілетіңді әлемге, соның ішінде мемлекеттер басшыларына паш ететін орайлы сәт.

– Аға буынның парызы – талантты жастардың кәсіби тұрғыдан шыңдалуына жағдай жасау. Бұл, шын мәнінде, мемлекеттік маңызы бар міндет. Біз сіздердің ешқандай қиындықсыз лайықты білім алып, осы күрделі әлемде мемлекеттеріміздің өсіп-өркендеуіне және қауіпсіздігіне өз үлестеріңізді қосу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллектінің даму процесі одан әрі үдей түсетінін, сөйтіп әлемнің дамуына айтарлықтай ықпал ететінін атап өтті.

– Қазақстан Республикасының Президенті ретінде мен цифрландыруға және жасанды интеллектіге басым стратегиялық міндет ретінде қараймын. Өздеріңізге мәлім, осы мақсатта биыл елімізде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» жарияланды. Бұл келесі жылы жұмыс тоқтап қалады дегенді білдірмейді. Оның мәні – биыл біз осы жолда қарқынды қадам жасадық. Тиісті заңдар, нормалар қабылданды, яғни жасанды интеллектіні дамытудың заңнамалық-құқықтық негізі жасалды. Біз әлі діттеген мақсатымызға жеткен жоқпыз. Менің түсінігімде, жасанды интеллектінің серпінді дамуы Үкіметке жаңа міндеттер жүктейді. Әлі жасы жиырмаға да толмаған өскелең ұрпақтың баянды болашағы үшін аянбай еңбек етеміз. Өмірлерін алда, келешектің келбетін айқындау Сіздердің қолдарыңызда. Қазақстаннан келген азаматтарды ресейлік достарымызбен, серіктестерімізбен тығыз жұмыс істеп, өркениет жолына бірге қадам басуға шақырамын, – деді Президент.

Бұдан кейін мемлекеттер басшылары мен жастардың сұхбаты сұрақ-жауап түрінде өрбіді. Оқушылар мен студенттер президенттерге жауап беріп қана қоймай, жасанды интеллект технологияларын ғылым, білім, медицина, экономика салаларында және өнерде қолдануға қатысты өз ойпікірлерін бөлісуге мүмкіндік алды.

САЯСАТ

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ ҚАРАЛДЫ

Вице-Президент Ерлан Қариннің төрағалығымен Президент жанындағы Стратегиялық даму мәселелері жөніндегі сараптама тобының алғашқы жұмыс отырысы өтті.

Жиынды ашқан Ерлан Қарин Сараптама тобының негізгі міндеті Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы еліміздің ұзақмерзімді даму бағдарлары мен басымдықтарын айқындайтын стратегиялық құжат әзірлеу жөніндегі тапсырмасын орындау екенін атап өтті.

Вице-Президент құжатты әзірлеудің тұжырымдамалық тәсілдеріне тоқталып, бұл жұмыс биыл күшіне енген Конституция аясында да айрықша маңызға ие екенін жеткізді.

– Еліміздің ұзақмерзімді даму стратегиясын талқылауға отандық сарапшыларды кеңінен тарту қажет. Бұл үшін ұлттық форсайт ұйымдастырып, әлеуметтік сауалнамалар, фокус-топтар, салалық зерттеулер және өңірлік сараптамалық талқылаулар өткізу керек, – деді Ерлан Қарин.

Сараптама тобының отырысында Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының орынбасары, Сараптама тобы жетекшісінің орынбасары Аида Балаева, Президент кеңесшісі – Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы, Сараптама тобы жетекшісінің орынбасары Әсет Ерғалиев, Сараптама тобының хатшысы, Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры Жандос Шаймарданов, Сараптама тобының мүшесі, «СИМКОН» үнемді технологиялар өңірлік орталығының директоры, форсайт-зерттеулер жөніндегі маман Олег Мецик сөз сөйледі.

Сараптама тобының мүшелері – Ғазиз Әбішев, Мадина Нұрғалиева, Бөріхан Нұрмұхамедов, Евгений Мухамеджанов, Ерлан Досымбеков, Гүлмира Илеуова, Айдос Сарым, Ренат Бектұров, Дархан Ахмедиев, Қуаныш Жайықов, Әнуар Боранбаев, Андрей Чеботарев, Марат Шибутов, Рауан Кенжеханұлы, Жұлдызай Ысқақова, Мақсат Мұқанов стратегияны әзірлеу тәсілдері жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Жиын барысында Қазақстанның ұзақмерзімді даму стратегиясын қалыптастырудың тұжырымдамалық тәсілдері мен әдіснамасы, Сараптама тобы жұмыс жоспарының жобасы қаралды.

Келесі отырыста Сараптама тобының мүшелері Қазақстанның даму жағдайына ықпал ететін жаһандық және өңірлік үрдістерді талқыламақ.

ҚҰРЫЛТАЙ

СЕЛЕКЦИЯ МЕН ТӨРЕЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМА ЖЕТІЛДІРІЛЕДІ

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы отырыстың күн тәртібінің жобасы айқындалды.



Құрылтай бірінші оқылымда «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» заң жобаларын және депутаттар бастамашы болған «Төрелік туралы» заңға енгізілетін түзетулерді қарайды. Сондай-ақ Орталық Азия елдері мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мәңгілік тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт, Түрікменстан Үкіметімен арадағы жолаушылар мен жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама сынды ратификациялық заң жобалары талқылауға шығарылды.

Тұқым шаруашылығы мәселелері бойынша ілеспе түзетулері бар «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» заң жобасы селекционерлер мен патент иелерінің зияткерлік құқығын қорғаудың заманауи жүйесін құру, сондай-ақ ұлттық заңнаманы өсімдіктердің жаңа сорттарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның талаптарына сәйкестендіру мақсатында әзірленген.

«Төрелік туралы» заңға түзетулер енгізілген заң жобасы Қазақстанда осы институттың жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін жетілдіруге бағытталып отыр. Құжат тұрақты жұмыс істейтін төреліктерді құру мен есепке алуды, сондай-ақ олардың жалпы қызметін ретке келтіреді, төрешілердің кәсіби стандарттары мен жауапкершілігін арттырады, сондай-ақ талқылаулардың ашықтығы мен азаматтардың құқығы қорғалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы мәңгілік тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартты ратификациялау тараптар арасындағы халықаралық әріптестікті нығайтуға және «Орталық Азия – Қытай» форматындағы көпжақты өзара іс-қимылды кеңейтуге жол ашады.

Қазақстан мен Түрікменстан Үкіметтері арасындағы Жолаушылар мен жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға 2024 жылғы 10 қазанда Ашхабадта қол қойылған. Заңның қабылдануы екі мемлекет арасындағы транзиттік-көліктік әлеуетті және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға ықпал ететін болады.

ҮКІМЕТ

АРАЛ ТАҒДЫРЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ОРТАҚ БАСТАМАЛАР

Шымкент қаласында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ) басқармасының отырысы өтті.

Жиынға Тәжікстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Сулаймон Зиёзода, Өзбекстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Шухрат Ганиев, Түрікменстан Мемлекеттік су шаруашылығы комитетінің төрағасы Дурды Геңджиев және Қазақстан су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, сондай-ақ Қырғызстан тарапы бақылаушы ретінде қатысты.

Жиында тараптар 2026 жылғы 22 сәуірде Астанада өткен ХАҚҚ-ны құрушы мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында қабылданған шешімдердің орындалу барысын талқылады. Кездесу қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары 26 наурызды Халықаралық Арал теңізі, Әмудария және Сырдария өзендері күні деп жариялау туралы шешім қабылдаған болатын.

Сондай-ақ ХАҚҚ басқармасының отырысында Қазақстанның 2024-2026 жылдардағы төрағалығы кезеңінде Қордың Атқарушы комитеті жүргізген жұмыс қорытындылары қаралды. Осы кезеңде жұмыс он бағыт бойынша жүргізілді. Атап айтқанда, даму жөніндегі әріптестерден, оның ішінде Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, су ресурстарын тиімді пайдалануды арттыруға бағытталған өңірлік ынтымақтастық жобасы (CAWEC) бойынша $20 млн, REMIT бағдарламасы аясында $145,2 млн және Француз даму агенттігінің жобалары бойынша 2 млн еуро көлемінде гранттық қаржы тартылды. Сонымен қатар халықаралық ұйымдармен және қаржы институттарымен 13 меморандум мен келісім жасалды.

Жиынға қатысушылар Арал теңізі бассейніндегі елдерге көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының (АТББ-4) іске асырылу барысын, сондай-ақ ХАҚҚ-ның ұйымдық құрылымы мен шарттық-құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының қызметін қарастырды.

Отырыстың маңызды қорытындысының бірі Сырдария өзені бассейнінде су ресурстарын есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі жұмыс жоспарын әзірлеу туралы шешім болды. Қор басқармасы Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының (МСШҮК) аталған жоспарды әзірлеу және бассейн елдерінің өкілдерінен жұмыс тобын құру туралы шешімін мақұлдады. Тараптарға ұлттық үйлестірушілерді айқындау, жұмыс жоспарының жобасын әзірлеп, келісу тапсырылды. Кейін құжат МСШҮК-тің бекітуіне және ХАҚҚ басқармасының мақұлдауына ұсынылады. Ал Қордың Атқарушы комитетіне жоспардағы іс-шараларды жүзеге асыру үшін даму жөніндегі әріптестермен техникалық және қаржылық қолдау мәселелерін пысықтау міндеттелді.

«Бүгінгі отырыс Қазақстан Республикасының 2024-2026 жылдардағы Халықаралық Аралды



құтқару қорына төрағалығын қорытындылайды. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Қорға төрағалық ету Өзбекстан Республикасына өтеді. Осы кезеңдегі басты оқиға Астанада өткен ХАҚҚ-ны құрушы мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы болды. Оның қорытындысы бойынша Астана декларациясы мен мемлекеттер басшыларының бірқатар шешімі қабылданды. Соның ішінде 26 наурызды Халықаралық Арал теңізі, Әмудария және Сырдария өзендері күні деп жариялау туралы шешім бар. Осы уақыт ішінде Қордың Атқарушы комитеті даму жөніндегі әріптестермен бірлесіп, бірқатар өңірлік бастаманы іске қосты. Бірлескен жұмыс үшін басқарма мүшелеріне, Атқарушы комитетке, Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясына және Тұрақты даму жөніндегі мемлекетаралық комиссияға алғысымды білдіремін», — деді Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев.

ӘDILET

28 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫ САЙЛАУАЛДЫ ШТАБТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ



«Әділет» партиясы сайлауалды штабтардың жұмысын түйіндеді. Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен қорытынды отырыста үгіт-насихат науқанының нәтижесі шығарылды және сайлаушылардың ұсыныс-тілектерін ескере отырып, сайлауалды міндеттемелерді іске асыру бойынша алдағы мақсаттар айқындалды. Жиынға Құрылтай депутаттары, партия өңірлік филиалдарының басшылары мен партия активі қатысты.

Өз сөзінде Айбек Дәдебай ауқымды жұмыс атқарған партияластарға алғыс айтып, осы жыл еліміз үшін тарихи маңызға ие болғанын атап өтті. Мемлекет басшысының бастамасымен мемлекеттің басқару жүйесін ғана емес, тұтас қоғамды қамтитын ауқымды өзгерістер жалғасып жатыр. Осы жылдың басты оқиғаларының бірі – азаматтардың кең қолдауына ие болған жаңа Конституцияның қабылдануы.



Партия Төрағасы Мемлекеттің алдағы даму барысы туралы айта келе, Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттерге тоқталды. Олардың қатарында экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды жаңғырту, өңірлердің әлеуетін нығайту және цифрлық технологияларды дамыту қадамдары бар. Бұл өзгерістер, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталып отыр.

– Бұл – елдің ұзақмерзімді дамуына бағытталған, баршамызға ортақ жауапкершілік жүктейтін міндеттер. Осы оң өзгерістердің Тәуелсіздігіміздің 35 жылдық тұғырлы белесімен тұспа-тұс келуінің де үлкен елдік символы бар. Осы жылдар аралығында халықтың бірлігі мен ынтымағы ел дамуының өзегіне айналды. Бүгінде Тәуелсіз, Әділетті, Қуатты Қазақстанды бірге құрудамыз, – деді партия Төрағасы.

Оның айтуынша, алдағы мәслихат сайлауы еліміздегі конституциялық реформалар мен саяси жаңғырудың маңызды кезеңіне айналады. Бұл тек депутаттық корпусты жаңғыртуға ғана қатысты мәселе емес. Президент тұрғындардың мүддесін білдіретін және өңірлердің дамуына тікелей ықпал ететін мәслихаттардың өкілеттіктерін кеңейтуге ерекше мән беріп отыр.

Үгіт-насихат науқанының қорытындысын партия төрағасының орынбасары Асхат Оралов таныстырды. Партия барлық деңгейдегі мәслихат сайлауына партиялық тізімдер мен бірмандатты сайлау округтері бойынша 3 817 кандидат ұсынды. Бір айда партияның қоғамдық қабылдау бөлмелері арқылы ел тұрғындарынан 5 мыңнан астам ұсыныс-тілек келіп түсті.

– Бір ай бойы еліміздің барлық өңірінде 6,5 мың адамды ортақ мақсат төңірегінде топтастырған 246 сайлауалды штаб жұмыс істеді. Осы уақыт аралығында кандидаттарымыз бен партия белсенділері жалпы саны 5,6 млн адамды қамтыған 106 мыңнан астам үгіт-насихат іс-шарасын өткізді. Науқан жұмысына 9 200 сенімді өкіл тартылды. Ал дауыс беру күні сайлау учаскелерінде 22 мыңнан астам байқаушы жұмыс істейді, – деді Асхат Оралов.



Сонымен қатар партия Президент Жолдауын түсіндіру аясында түрлі кездесу өткізді. Қазақстанның барлық өңірінде жалпы саны шамамен 1 млн адам қамтылған 28 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды. Құрылтайдағы «Әділет» фракциясының 32 депутаты еліміздің барлық өңірін аралады. Сондай-ақ партияның барлық 3 562 бастауыш партия ұйымында тұрғындармен кездесулер өтті. Ал Bir Tolqynda жастар диалог алаңдары мыңдаған жас қазақстандықтың басын қосты.

Науқанның жергілікті жерлердегі нәтижелері туралы партия облыстық филиалдарының төрағалары – Қарағанды облысынан Бекзат Алтынбеков, Түркістан облысынан Алмас Салимов, Шығыс Қазақстан облысынан Жанат Мекеева және Маңғыстау облысынан Имаммахмұт Шағырбаев баяндады.

– Осы уақыт аралығында облыс тұрғындарының 660-тан астам өтінішін жинадық. Олар ең өзекті мәселелерді айқындап, алдағы жұмысымыздың басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік берді, – деді Жанат Мекеева.

Өз кезегінде, Имаммахмұт Шағырбаев партияның өңірде атқарған жұмысының нақты нәтижелеріне назар аударды.

– Атқарып жатқан жұмысымыздың нақты нәтиже беруі – біз үшін аса маңызды. Ең алдымен, бұл – облысты дамыту және тұрғындарымыздың әл-ауқатына тікелей әсер ететін мәселелерді шешу, – деді ол.

Отырысты қорытындылай келе, партия Төрағасы науқан аяқталғаннан кейін де сайлаушылармен жүйелі жұмыс жүргізуді жалғастыру қажет екенін атап өтті.

– Біз Құрылтай және мәслихат сайлаулары кезінде халық алдында нақты міндеттерді алып, сайлау алды уәделерімізді жарияладық. Ендігі басты міндетіміз – сол уәделердің барлығын кезең-кезеңімен орындап, нақты нәтижеге қол жеткізу. Өйткені халықтың бізге білдірген сенімі – үлкен жауапкершілік. Сондықтан сайлау науқанымен шектеліп қалмай, бұдан да белсенді түрде сайлаушылармен байланысты жалғастырып, күшейтіп, бәріміз бірлесіп, тұрғындар көтерген мәселелерді нақты шешімдерге ұластырамыз, – деді Айбек Дәдебай.

Сондай-ақ ол жақында Мемлекет басшысымен өткен кездесу қорытындысы бойынша жүктелген міндеттерге тоқталды. Онда Құрылтай мен партия қызметінің нәтижелері таныстырылды. Президент қабылданып жатқан заңдардың тиімділігіне, олардың орындалу барысын қадағалауға және сайлауалды міндеттемелерді іске асыруға ерекше назар аударды.

Сессия басталғалы бері Құрылтай 19 заң қабылдады, тағы 37 заң жобасы қаралуда. 2027-2029 жылдарға арналған республикалық бюджет қабылданды. Бұдан бөлек, партия Үкіметпен бірлесіп, 2026-2031 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламаны іске асыру жөніндегі Жол картасының жобасын әзірледі. Онда 303 нақты іс-шара көзделіп отыр.

Енді осындай жұмысты өңірлерде де жүргізу қажет. Айбек Дәдебай партия филиалдарына әкімдіктермен бірлесіп, өңірлік сайлауалды бағдарламалардағы барлық міндеттемені өңірлерді дамыту бағдарламаларына енгізуді қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл жұмыста Құрылтай мен мәслихат депутаттарының өзара іс-қимылы маңызды рөл атқарады. Осы мақсатта Құрылтай жанынан Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылды.

– Өңірлерде көтерілген өзекті мәселелер Құрылтай мінберіне жетіп, қажет болған жағдайда заңнамалық тұрғыдан шешімін табады. Ал қабылданған заңдар мен мемлекеттік бастамалардың жергілікті жерлерде тиімді жүзеге асырылуына мәслихат депутаттары да белсенді атсалысуы қажет. Осылайша, орталық пен өңірлердің арасындағы байланысты сапалы түрде күшейтіп, халықтың талап-тілегін тез әрі нақты іске айналдыратын тиімді жүйені қалыптастырамыз, – деп түйіндеді Айбек Дәдебай.

Партия Төрағасы сайлау заңнамасының талаптарын қатаң сақтауды және тыныштық күні басталған сәттен бастап үгіт-насихат жұмыстарын толық тоқтатуды тапсырды.

Тілек ҚАБЫЛ

28 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ОФТЕЙК-ШАРТ:
ӨНДІРІСКЕ – ӨРІС, КІРІСКЕ – КЕПІЛ

Президенттің «Халықтық құрылыс» бағдарламасы отандық өндірушілер үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынып, импорт алмастыру ісіне тың серпін бермек. Бұл бастамаға Ұлттық қордан 6,5 трлн теңгедей ұшан-теңіз қаржы бағытталады. Сондықтан Үкімет оған жергілікті кәсіпорындардың кеңінен қатысуына және импорттың орнын басатын өнімді қолдауға ерекше көңіл бөлмек. Бұл істе офтейк-шарттардың маңызы зор. Мемлекет басшысының өзі мән берген осы тетіктің әлеуеті толық пайдаланылып жүр ме? Бүгінгі ахуал мен алдағы міндеттер қандай?



Офтейк-шарттар (offtake contracts) – тапсырыс беруші мен отандық өндіруші арасында бірнеше жылға жасалатын, болашақта өндірілетін өнімді алдын ала келісілген бағада, көлемде және нақты шарттармен сатып алуды көздейтін ұзақмерзімді келісімшарт. Бұл тетік өндірушіні өз өнімін тұрақты өткізетін нарықпен кепілді түрде қамтамасыз етеді. Ол тауарын кімге сатарын білмей дағдарып, уайымдамайды. Бар күшін еш алаңсыз, жаңа өндіріс пен жұмыс орындарын құруға, инвестиция тартуға жұмылдырады. Тіпті банктер беделді кәсіпорынмен бекітілген офтейк-шарт негізінде кәсіпкерге арзан кредит те ұсынады.

Қысқасы, бұдан барлық тарап ұтады. Тапсырыс беруші қажетті өнімге, шикізатқа, жабдықтарға және басқасына үздіксіз қол жеткізеді, ісін дөңгелентіп, өрлеуге мүмкіндік алады. Ал мемлекет ішкі нарықты отандық өніммен молықтырып, өзге елдерге тәуелділігін төмендетеді, төл экономикасын өркендетеді. Қалауын тапса, бұл деген ұлан-асыр табыстың қайнары. Мысалы, «ҚазМұнайГаз» отандық KSP Steel ЖШС-мен шегендеу және сорғы-компрессорлық құбырлар жеткізуге офтейк-шарт жасасты. Сөйтіп, осы кәсіпорын 26 млрд теңге табысқа кенелді.

Офтейк-шарттар тетігін дүркірете дамыту үшін қажетті өндірістік база елде бар. Бүгінде қазақстандық кәсіпорындар негізгі құрылыс материалдары бойынша ішкі қажеттіліктің орта есеппен 73%-ға жуығын өтеп отыр. Енді мемлекет осы қуатты «Халықтық құрылыс» бағдарламасының жобаларына мейлінше толық жұмылдырып, материалдар мен жабдықтар өндірісін кеңейтуі қажет.

Әрине, қазақстандық кәсіпорындар президенттік бағдарлама аясында салынатын білім беру, денсаулық сақтау, спорт, энергетика және басқа саладағы инфрақұрылым нысандарын тек құрылыс материалдарымен қамтумен шектелмейді. Бүгінде республикада HOWO, SITRAK және Scania жүк көліктері жасалады. Мұның сыртында СҚО-дағы «Қазтехмаш» зауытында қытайлық LiuGong брендімен экскаватор, фронталды тиегіш, бульдозер, автогрейдер, жол катогы, асфальттөсегіш пен экскаватортиегіштер сияқты жол-құрылыс машиналары жасалады.

Астанада Barys Truck Manufactory компаниясы қытайлық XCMG концернімен бірлесіп, жүк автомобильдері мен жол-құрылыс техникасын шығаратын зауыт жобасын қолға алды. Жыл соңына дейін Алматыда Volvo жүк тартқыштарын өндіре бастау жоспарланған. Mercedes компаниясымен келіссөздер жүргізілу үстінде. Әзірге құрылыс пен жол техникасы саласы импортқа тәуелді: жыл ішінде Қазақстан экскаватор, тиегіш, бульдозер, грейдер, жол катоктары және басқасы бойынша 19,1 мың техниканы өзге елдерден импорттаған. Үкімет отандық өндірушілерді офтейк-шарт арқылы нақты демеп, сұраныспен және қаражатпен қамтамасыз етсе, онда «Халықтық құрылыс» машина жасау секторының да жаңа белестерді бағындыруына түрткі бола алады.

ӨНДІРІСКЕ – КЕПІЛДІ ТАПСЫРЫС

Айта кету керек, Президенттің өзі Жолдауда баса назар аударған офтейк-контрактілер тетігін жүзеге асыру бірнеше жыл бұрын басталды. Әсіресе мол тәжірибе «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» (ЭКСЖ) ұлттық жобасы аясында жинақталды. Онда 106 жобалау-сметалық құжаттама бойынша материалдар мен жабдықтарға қажеттілік айқындалып, көптеген кәсіпорынның өз өнімін ұзақмерзімді келісімшарт негізінде өткізуіне жол ашылған.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, бір ғана ЭКСЖ жобалары бойынша 144 офтейк-шарт жасалды. Оның шеңберінде құбырлар, кабель-өткізгіш өнімдері, темірбетон бұйымдары, желілік арматура, электротехникалық жабдықтар және басқа да отандық өнімдер жеткізіледі. Жалпы алғанда, барлық салада ішкі өндірушілер мен ірі тапсырыс берушілер арасында бір жылда 707 офтейк-шарт бекітілген.

Бұл тетік отандық және шетелдік бизнесті жергілікті кәсіпорындарға ақша құюға, шетелдік технологияны елде локализациялауға ынталандырыпты. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі офтейк-шарттар арқасында жаңа серпін алған өндіріс орындары қатарында мұнай-газ саласына арналған құбырларды, энергетика саласына қажетті трансформаторлар мен реакторларды, таукен металлургия кешеніне арналған өнеркәсіптік өнімдер өндіретін кәсіпорындарды атады. Осы жобаларға 400 млрд теңгеден аса инвестиция тартылып, 3 мың жаңа жұмыс орны ашылған.

Отандық зауыт-кәсіпорындарды кепілдендірілген сұраныспен қамтуда «Самұрық-Қазына» қорының пайдаланылмай жатқан әлеуеті зор. Мәселен, ұлттық әл-ауқат қоры биылғы 9 айда қазақстандық компаниялардан шамамен 1,4 трлн теңгенің тауары мен қызметін сатып алды. Бұл былтырғыдан 45%-ға көп. Алайда бәрі бірдей ұзақмерзімді сұраныс емес: офтейк-шарттардың көлемі 73 млрд теңге ғана болды.

Президент Қ.Тоқаев отандық өнімдердің реттелетін сатып алулардағы үлесін арттыруды және қазақстандық өндірушілермен офтейк-шарттар жасасу жүйесін жаңа деңгейге көтеруді тапсырды. Атап айтқанда, мұндай шарттардың үлесін 10%-ға немесе жылына шамамен 2 триллион теңгеге жеткізу міндетін қойды.

Энергетика министрі Ерлан Аққенженовтің айтуынша, 2026 жылғы 9 айда бір ғана энергетика секторындағы жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу көлемі 3,553 трлн теңгені құрады. Оның шамамен 1,9 трлн теңгесі немесе 55,4%-ы отандық бизнес үлесіне тиесілі. Е.Аққенженовтің дерегінше, министрлік Қашаған, Қарашығанақ және Теңіз ірі мұнай-газ кенорындарын игеріп жатқан NCOC, KPO және ТШО-мен бірлесіп, олардың сатып алуына қазақстандық өндірушілерді барынша тарту үшін тұрақты жұмыс жүргізеді. Бір жыл ішінде операторлардың отандық тауар мен қызметтерді сатып алуының жалпы көлемі 1,595 трлн теңгені немесе 56,2%-ды құрапты. Биыл бекітілген жаңа стандарт бойынша ірі жобаларда тауарлардағы «елішілік құндылықты» (бұрынғыша – жергілікті мазмұнды) қазіргі 15%-дан 2029 жылы 30%-ға ұлғайту көзделген. Ендігі мақсат – осы сатып алулардың біраз бөлігін тұрақты, ұзақмерзімді офтейк-шарттар деңгейіне көшіру. Сонда жергілікті кәсіпорындар жылда тендер ұтып алуға шабылып, шығындалмай, бар күшін өз өндірісін өрістетуге шоғырландыра алады.

Бұл міндетті орындау мақсатында офтейк-шарттар тетігі биыл Индустрияландырудың негізгі құралының бірі ретінде бекітілді. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жер қойнауын пайдаланушылар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері жалпы сомасы 466 млрд теңгеге ұзақмерзімді офтейк-шарт жасасты. Сонымен қатар жер қойнауын пайдаланушылармен бірге алдағы кезеңге арналған тағы 157 млрд теңгенің «кепілдендірілген тапсырыстар қоржыны» түзілген.

Жұмыс мұнымен тоқтамауға тиіс. Сондықтан Өнеркәсіп және Энергетика министрліктеріне жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесіп, қазақстандық кәсіпорындардан ұзақмерзімді сатып алынатын тауарлардың тізбесі мен көлемдерін айқындау тапсырылды. Сондай-ақ «Атамекен» ұлттық палатасы, мүдделі меморгандар және компаниялар тізе қосып, жыл соңына дейін импортты алмастыратын өнімдерге қатысты сатып алудың барлық түрі бойынша «2027 жылға арналған ұзақмерзімді офтейк-шарттар жоспарын» бекітуі қажет.

Өнеркәсіп министрлігі әкімдермен, «Бәйтерек» холдингімен және «Атамекен» палатасымен бірлесіп, ЭКСЖ, «Халықтық құрылыс» және басқа жобаларға отандық өндірушілерді кеңінен қатыстыруға міндеттелді. Үкіметке жобаларды қалыптастыру кезінде қолда бар қазақстандық өнімді ескеру, тауарларға қажеттілікті алдын ала жариялау және жергілікті кәсіпкерлерді өндіріс көлемін ұлғайтуға қажетті қаржыландыру тетіктерімен қамтамасыз ету тапсырылды.

ОФТЕЙКТІҢ ОСАЛ ТҰСЫ

Бірақ бұл бағыттағы жұмыстар мінсіз жүріп жатыр деуге болмайды. Жүйелі шешімін күткен мәселелер аз емес. «Атамекен» палатасының Машина жасау және металл өңдеу комитеті сарапшыларының түсіндіруінше, офтейк-шарттарды жасау кезінде шикізат, құрамдас бөлшектер құнының өзгеруі мен инфляциялық үдерістер ескерілуге тиіс.

– Әйтпесе, кең таралған тәжірибе бойынша тапсырыс берушілер бірнеше жыл бойы тауар мен қызметті бір ғана бағамен алғысы келеді. Бұл кәсіпкерлерге тиімсіз. Яғни баға белгілеу тетіктерін жетілдіру қажет. Бұған қоса, импортты алмастыру тауарлары пулына енгізілетін өнімдер тізбесін кеңейту маңызды. Бұл салада мемлекеттік органдардың, даму институттарының және бизнестің жүйелі үйлестіруін талап ететін мәселе жеткілікті, – деді комитет өкілдері.

«Атамекен» ҰКП Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің басшысы Қайырбек Сүлейменовтің пікірінше, сатып алулар кезінде адал бәсекелестік қағидаттары әлі де толық сақтала бермейді екен. Сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс берушілердің шарттық міндеттемелерін орындамау жағдайлары кездеседі. Мұның соңы соттасуға ұласады.

– 2025 жылы соттар қараған сатып алу саласындағы азаматтық істер саны 30%-ға өсті. Оның 22%-ында кәсіпкерлердің талаптары негізді деп танылды. Жиі кездесетін бұзушылықтар қатарында бәсекелестікті шектейтін талаптарды белгілеу, техникалық шарттарды қате қалыптастыру, сатып алу тәртібі мен мерзімдерін бұзу, бағалау өлшемшарттарын дұрыс қолданбау және басқасы бар, – деді ол.

Сарапшылар офтейк-шарттарға қатысты өзге де мәселелерді еске салды. Біріншіден, бұл сала қоғамға ашық емес екен: Экономика, Өнеркәсіп, Энергетика министрліктері мен «Самұрық-Қазына» қоры әртүрлі статистика келтіреді. Жариялылық аз болғандықтан кепілдендірілген тапсырыс кәсіпорынның технологиялық дамитынын білдірмейді: толыққанды отандық өндірістік тізбек құрмай-ақ, шетелдік жиынтықты әкеліп, елде жай құрастыра салу деректері кездеседі.

Екіншіден, офтейк-шарттардың бәсекелестікті шектейтін қыры да бар: алпауыт компаниялар, жер қойнауын пайдаланушылар ұзақ жыл тек бір компаниядан ғана өнім мен қызмет алуға міндеттелгендіктен, өзге отандық өндірушілер оған жолай алмайды. Бизнес өкілдері бұл салада кейде тамыр-таныстық, биліктегі тұлғамен туыстық үлкен рөл ойнайтынын айтып жүр. Бәсеке байланған жерде береке бар ма? Мұның ақыры шартта экономикалық тиімсіз бағаның бекітілуіне соқтырмақ.

Үшіншіден, ұзақмерзімді міндеттемелер тапсырыс берушіге де тәуекел тудырады. Офтейк-шарттар орта есеппен 5–10 жылға дейін бекітіледі екен. Осы кезеңде технологиялар өзгеруі, басқа жеткізуші инновациялық балама ойлап табуы, тіпті өнімге қажеттілік болмай қалуы мүмкін.

Біреуге бақ, біреуге тосқауыл дегендей, тағы бір түйткіл бұл тетіктің қолжетімділігімен байланысты. Шағын кәсіпорындардың мамандар тобын жалдап, бума-бума техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) әзірлеуге, мол инвестиция тартуға, ірі тапсырыс берушілер қоятын қатаң техникалық талаптарды орындауға көбіне шама-ресурсы жетпейді.

Қорыта айтқанда, офтейк-шарттардың әлеуеті зор, бірақ оны тиімді пайдалануға кедергі де жетерлік. Үкіметтің ендігі міндеті – олқылықтарды жойып, мемлекеттік қолдаудың нақты нәтижесін-жемістілігін қамтамасыз ету. Сонда ғана кепілдендірілген тапсырыстар отандық өндірістің дамуына, ұлттық экономиканың өсуіне лайықты қызмет етеді.

Елдос СЕНБАЙ

28 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ҚАЗАҚ СӨЗІ АНКАРА ТӨРІНДЕ

Түркі халықтарын бір-біріне жақындататын ортақ тарих пен мәдени мұраның маңызды бір бөлігі – тіл. Тілі туыс болғанымен, әр халықтың өзіндік болмысы, әдебиеті мен тарихы бар. Осы ерекшеліктерді танып-білуге мүмкіндік беретін білім ордасының бірі – Анкарадағы Қажы Байрам Уәли университеті. Мұнда қазақ тілі мен әдебиеті бакалавриаттан бастап докторантураға дейін оқытылады.



Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Айгүл СЕЙІЛ

Түрік жастары қазақ тілін үйреніп қана қоймай, Алаш әдебиетін зерттеп, қазақ қаламгерлерінің шығармаларын түрік тіліне аударып жүр. Қазақ музыкасы мен домбырасына қызығатын жастардың да қатары артып келеді. Жалпы, Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеті кафедрасында әзербайжан, түрікмен, қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, татар, башқұрт, алтай, хакас, тыва, саха сияқты түркі тілдері оқытылады. Кафедраның басты ерекшелігі – студенттерге тек тіл үйретумен шектелмей, сол тілде сөйлейтін халықтардың ауыз әдебиетін, жазба мұрасын және тарихын қатар таныстыру. Біз Түркияда қазақ тілінің оқытылуы, студенттердің қызығушылығы мен екі ел арасындағы академиялық байланыс туралы университет оқытушыларымен әңгімелескен едік.

Қажы Байрам Уәли университетінің PhD докторы Зейнеп Асланның айтуынша, кафедрадағы ауқымды бағдарлама студенттерге түркі дүниесінің тілдік және мәдени алуандығын салыстыра зерттеуге жол ашады.

– Студенттер бірнеше түркі тілімен танысады. Бірақ төрт жыл ішінде олардың бәрін бірдей терең меңгеру мүмкін емес. Сондықтан бағдарлама бір негізгі тілді терең үйренуге, ал қалған тілдерді салыстырмалы түрде тануға құрылған. Түлек бір тілді еркін сөйлей алады, ал туыс тілдердегі мәтіндерді оқып, түсінуге қабілетті болады. Түркі тілдерінің жақындығының арқасында жақсы дайындалған студент екінші, үшінші тілді де өз бетімен тез меңгере алады, – дейді Зейнеп Аслан.

СТУДЕНТТЕР НЕ ҮШІН ҚАЗАҚ ТІЛІН ТАҢДАЙДЫ?

Зейнеп Аслан түрік жастарының қазақ тілін таңдауына ықпал ететін бірнеше факторды атап өтті. Оның байқауынша, ең алдымен, мәдени жақындық пен тарихи таныстық маңызды. Түрік студенттері қазақтың дала мәдениетіне, жыраулар поэзиясына, Абай мен Мұхтар Әуезовтің шығармашылығына қызығады. Екінші себеп – кәсіби мүмкіндік. Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда, білім, туризм және дипломатия салаларындағы байланыстар кеңейген сайын қазақ тілін білетін мамандарға деген қажеттілік те артып келеді. Үшінші себеп – жеке қызығушылық. Кейбір студенттердің Қазақстанда достары немесе туыстары болса, енді біреулері қазақ музыкасы мен киносы арқылы тілімізге ден қойған.

Бұл пікірді Қажы Байрам Уәли университетінің профессоры Жәмилә Қынаджы да қуаттайды. Оның айтуынша, кафедрадағы студенттердің арасында қазақ тілін таңдайтындардың үлесі жоғары. Мұның үлкен себебі – Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстың нығаюы.

Профессор кафедраның қалыптасу тарихына да тоқталды. Оның сөзінше, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін түркі мемлекеттері мен халықтарын зерттейтін, олардың тілдерін білетін мамандарға қажеттілік артқан. Осы сұранысқа байланысты Түркияда түркі тілдерін оқытатын кафедралар ашыла бастаған. Алғашқыларының бірі 1992 жылы Анкара университетінде құрылса, Гази университетіндегі кафедра 1993 жылы ашылған. Бүгінде кафедра өз жұмысын Қажы Байрам Уәли университетінде жалғастырып келеді.

– Біздің кафедраның ашылуы түркі мемлекеттерінің тәуелсіздік алуымен тұспа-тұс келді деуге болады. Бастапқыда студенттерге екі тілде қатар білім берілетін. Мәселен, қазақ пен қырғыз тілдері жақын болғандықтан, бірге оқытылды. Әзербайжан мен түрікмен, өзбек пен ұйғыр тілдері де осылай топтастырылды. Қазір оқу жүйесі өзгерді. Студенттер бірінші және екінші курста түрлі түркі тілімен танысады, ал үшінші курстан бастап бір тілге терең мамандanады, – дейді Жәмилә Қынаджы.

Оқытушының пікірінше, студенттердің қазақ тілін таңдауына Қазақстанмен байланыс орнатудың салыстырмалы түрде қолайлылығы да әсер етеді. Ол мұны басқа түркі халықтарының тілдерін үйренуге қызығатын студенттердің мүмкіндіктерімен салыстырады. Мысалы, ұйғыр тілін терең меңгерген студент үшін Қытайға барып тәжірибе жинау оңай емес. Иран аумағындағы түркі халықтарын зерттеуге қызығатын жастар үшін де белгілі бір шектеулер бар. Ал Татарстанға барып, тәжірибе жинауды ойлаған студенттер Ресейдегі қазіргі жағдайды ескереді.

– Қазақ тілін терең үйренуге мұндай кедергілер жоқ. Оның үстіне, Түркия мен Қазақстан арасындағы байланыс күннен-күнге нығайып келеді. Қазақстанның елшілігі де Түркияда көптеген мәдени іс-шара өткізеді. Бізді де жиі шақырады. ТҮРКСОЙ ұйымдастыратын шараларға да қатысамыз. Студенттер осындай кездесулерге барып, Қазақстанды жақынырақ таниды. Сөйтіп, қазақ тілін үйренгеннен кейін осы елге барып, жұмыс істеуге немесе білімін жалғастыруға мүмкіндік бар екенін түсінеді, – дейді профессор.

МУЗЫКА – ТІЛГЕ БАСТАЙТЫН ӘЛЕМ

Қазақ тілін таңдауға кәсіби және академиялық себептермен қатар, өнер мен мәдениеттің де ықпалы зор. Жәмилә Қынаджының айтуынша, соңғы жылдары түрік жастары арасында қазақ музыкасына, әсіресе домбыра үніне қызығушылық артып келеді. Студенттер интернет арқылы қазақша әндерді тыңдап, ұлттық аспаптың ерекшелігін танып жүр. Кейбірі домбыра тартуды өз бетінше үйренуге де талпынады.

Профессор «Тұран» этнофольклорлық ансамблінің әндері Түркия жастары арасында жақсы тыңдалатынын, сондай-ақ «Хас Сақ» тобының да өз тыңдармандары бар екенін айтты. Музыка арқылы басталған қызығушылық бірте-бірте қазақ тілі мен мәдениетін тереңірек тануға ұласады.

– Биыл кафедраға келген бесалты студент қазақ тілін белгілі бір деңгейде үйреніп келді. Олардың кейбірі домбыра шерте алады. Әрине, қазақтың кәсіби күйшілері сияқты орындамаса да өз қызығушылығы үшін үйренгені бізді қуантады. Балалар қазақ музыкасын тыңдайды, домбыраға қызығады. Кейде тілді үйренуге деген алғашқы ынта осындай өнерден басталады, – дейді ол.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ӨЗ ЕРЕКШЕЛІГІ БАР

Түрік және қазақ тілдерінің туыстығы қазақ тілін үйренуді біршама жеңілдетеді. Екі тілдің сөзжасам жүйесінде, дауысты дыбыстардың үндестігі мен сөйлем құрылымында және негізгі сөздік қорында ұқсастық көп. Сондықтан түрік студенттері алғашқы айлардың өзінде қарапайым мәтіндерді түсіне бастайды. Дыбыстық сәйкестіктерді меңгергеннен кейін сөздік қоры да жылдам толығады.

– Екі тілдің жақындығы – үлкен артықшылық. Бірақ кейде осы жақындықтың өзі кедергі болуы мүмкін. Студент түрікше ойлап, сөзді тікелей аударуға тырысады. Сондықтан сабақта ұқсастықтарды ғана емес, айырмашылықтарды да арнайы көрсетіп отырамыз, – дейді Зейнеп Аслан.

Оқытушылардың айтуынша, қазіргі уақытта оқу материалдарын табу бұрынғыдай қиын емес. Бұған дейін Түркиядағы студенттер мен оқытушылар қазақ тіліндегі кітаптарды Қазақстанға барған кезде өздері алып келетін. Қазір интернетте оқулықтар, сөздіктер, түрлі оқу құралдары мен қосымша материалдар жеткілікті.

Сабақ барысында Қазақстан мен Түркияда жарық көрген еңбектер қатар қолданылады. Түркияда дайындалған оқулықтардың артықшылығы – түрік студенттеріне таныс грамматикалық терминдер мен салыстырмалы түсіндірмелердің берілуі. Мәселен, Кенан Коч пен Оғуз Доғанның «Қазақ түркісінің грамматикасы», Нергис Бирай мен Экрем Аянның «Қазіргі қазақ түркісі» атты еңбектері және түрікше-қазақша сөздіктер пайдаланылады. Осы орайда профессор Жәмилә Қынаджы «Тіл-Қазына» орталығының оқу материалдарына да тоқталды. Орталық әзірлеген A1, A2 деңгейіндегі оқулықтар мен сайттағы материалдар сабақта қолданылады.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТҮРІК ТІЛІНЕ АУДАРЫЛЫП ЖАТЫР

Кафедрадағы қазақ тілін оқыту жұмысы тек тілдік дағдыларды қалыптастырумен шектелмейді. Студенттер қазақ әдебиетінің әр кезеңін зерттеп, көркем шығармаларды түрік тіліне аударуға да атсалысады. Оқу бағдарламасында қазақ тілі, әдебиеті мен тарихы өзара сабақтастықта оқытылады.

Профессор Жемилә Қынажының айтуынша, кафедра шәкірттері арасында қазақ әдебиетін зерттеп, аударма саласында нәтижелі жұмыс атқарып жүргендер бар. Соның бірі – Сабина Сайд. Ол қазақ жазушысы Роза Мұқановаңың драмалық шығармаларын түрік тіліне аударып, оларды талдаған. Кейін осы жұмысының негізінде аударма кітабын шығарған. Жинақты Жәмилә Қынаджының өзі редакциялаған. Бұл еңбектің жарық көруіне Еуразия жазушылар одағы қолдау көрсеткен.

Профессордың қазақ әдебиетіндегі сүйікті жазушысының бірі – Бердібек Соқпақбаев. Ол жазушының «Менің атым Қожа» шығармасын түрік тіліне аударған. Сондай-ақ магистранттарының біріне «Өлгендер қайтып келмейді» романын зерттеу тақырыбы ретінде ұсынған. Хусейн Варол есімді магистрантымен бірге шығарманы түрік тіліне аударып, «Ölüler geri gelmez» атауымен дайындаған. Кітап Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай Алматыда өткен шара аясында да таныстырылыпты. Аударманың жарық көруіне ТҮРКСОЙ қолдау көрсеткен.

Қазір кафедра оқытушысы тағы бір маңызды аударма жобасын қолға алып отыр. Магистрантымен бірге жазушы Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романын түрік тіліне аударған. Енді шығарманы баспадан шығару жолдарын қарастырып жүр.

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУҒА МҮМКІНДІК МОЛ

Хажы Байрам университетінің Қазақстандағы жоғары оқу орындарымен де байланысы жолға қойылған. Университет әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен келісімдер жасаған.

Жәмилә Қынаджының айтуынша, академиялық әріптестік студенттердің білімін тереңдетіп қана қоймай, қазақ тілін табиғи ортада меңгеруіне мүмкіндік береді. Соның арқасында студенттер академиялық мобильділік бағдарламасы арқылы шетелде бір семестр оқи алады.

Кафедра түлектерінің балашақта жұмысқа орналасуына да мүмкіндік жеткілікті. Профессордың айтуынша, олардың бір бөлігі мұғалімдік қызметті таңдайды. Сонымен қатар елшіліктерде, министрліктерде және түркі дүниесіне қатысты жұмыс істейтін мекемелерде еңбек ететіндер бар. Түлектердің арасында ТҮРКСОЙда, Түркияның Мәдениет министрлігінде қызмет атқаратындар да кездеседі. Кейбірі Бішкектегі Манас университетінде және Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жұмыс істеп жүр.

Жалпы, Анкарадағы кафедраның тәжірибесінен байқағанымыз, қазақ тілі тек оқулық пен грамматикалық ережеге сүйеніп оқытылып жатқан жоқ. Тілді үйренуге тарихи жырлар, көркем әдебиет, музыка, академиялық байланыс пен жеке қызығушылықтар қатар ықпал етуде. Қос ұстаздың әңгімесінен түйгеніміз, түрік жастары қазақ тілін үйрену арқылы тек жаңа тілді меңгеріп қана қоймай, өздеріне тарихы мен мәдениеті жақын халықтың рухани әлеміне де қызығушылық танытады. Бұл қызығушылықты біліммен, тәжірибемен және шығармашылық ізденіспен ұштастыру екі ел арасындағы мәдени байланыстың нығаюына қызмет етпек.

СЕРПІН

28 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ



ҚАЗЫНАЛЫ ӨЛКЕНІҢ ҚУАТТЫ ҚАДАМЫ

Қазақстанның батыс қақпасы саналатын Маңғыстау облысы кейінгі екі жылда энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды түбегейлі жаңғыртудың жарқын үлгісін көрсетіп отыр. Энергетика саласы қай аймақтың да әл-ауқаты мен экономикасын бағамдайтын қозғаушы күш саналатыны белгілі. Бұл тұрғыдан алғанда Каспий теңізінің маңындағы облыста атқарылған істер жетерлік.

Мадияр ТӨЛЕУ

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК НЫҒАЙДЫ

Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен елімізде «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы қолға алынған болатын. Өңірдің тіршілік нәрі саналатын «МАЭК» энергокомбинаты мен электр-жылу желілеріне жаңа тыныс берілді. 2025 жылғы және 2026 жылдың алғашқы он айындағы нақты нәтижелерге қарайтын болсақ, Маңғыстаудың энергетикалық қауіпсіздігі берік нығайып, «жасыл» экономикаға сенімді қадам басқанын көреміз.

Жалпы, аймақ үшін энергетика саласының маңызы өте зор. Себебі тұрғындар саны 800 мыңнан асты, туризм мен мұнай-газ секторындағы жаңа өндіріс орындары іске қосылды. Осы арқылы электр энергиясына деген сұраныс жыл сайын орта есеппен 6-8 пайызға артып келеді.

Былтыр өңір энергетикасы үшін ірі жөндеу мен жүйелі жаңару кезеңі болды. Ең алдымен, бүкіл облысты жарықпен, жылумен және ауызсумен қамтамасыз етіп отырған стратегиялық нысан – «МАЭК» ЖШС қуаттарын қалпына келтіруге Үкімет резервінен арнайы қаражат бөлінді. №2 ЖЭС энергоблогы толық жөндеуден өтті. Сонымен қатар ЖЭО-2-дегі қазандық агрегаты мен турбинаға, ЖЭО-1-дегі қазандық жабдықтарына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Осы арқылы өңір тұрғындарын үздіксіз жылумен, жарықпен және ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік туды, алдағы онжылдықтарға арналған берік энергетикалық қордың негізі қаланды. Сонымен қатар инфрақұрылымның тозу деңгейін төмендету мақсатында Ақтау қаласының 4 және 5-шағынаудандарында 41 шақырымнан астам жылу желісін жаңарту жұмыстары басталды.

Ал 2026 жылы ұлттық жоба аясында облыста 517 шақырым инженерлік желіні жаңғырту жоспарланып, осы мақсатқа 78 млрд теңге көлемінде инвестиция қарастырылғанын айта кетейік. Қаржының шамамен жартысы жылу желілерін жаңартуға бағытталмақ. Бір ерекше атап өтер жайт, 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық барысында қазан айына дейін барлық негізгі жөндеу жұмыстары дер кезінде аяқталып, желілердің тозу көрсеткіші айтарлықтай төмендеді.

Маңғыстау облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының дерегінше, биыл салаға бағытталған қаржы өңір тарихындағы ауқымды инвестициялардың бірі ретінде саналады. Жылыту маусымына дайындық жұмыстары белгіленген кестеге сай қазан айына дейін толық аяқталды.



Өңірдің «жасыл» энергетика саласында да айтарлықтай өсім бар. Мәселен, 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» желілері арқылы жел және күн электр станциялары өндірген 244,5 млн кВт сағат таза электр энергиясы тасымалданды.

Өңірдің экономикалық өсімі мен халық санының көбеюін ескере отырып, жаңа қуат көздерін салу ісі де қарқынды жүргізіліп жатыр. Оның бірқатарын атап та айта аламыз. «Ақтау энергетикалық компаниясы» ЖШС базасында құны 108 млрд теңгені құрайтын, қуаты 160 МВт заманауи бу-газ қондырғысының құрылысы бойынша инвестициялық келісімге қол қойылды. Қаржыландырудың 70 пайызын қытайлық серіктес қамтамасыз етеді. Нысанды 2027 жылы пайдалануға беру жоспарланған.

Ал «МАЭК» базасында электр қуаты 500 МВт-қа дейін және жылу қуаты 560 Гкал болатын жаңа энергоблоктар мен Ақтау қаласына арналған жаңа орталық қазандық салу жобалары іске асырылуда. Инвестициялық тиімділік те едәуір артқанын көреміз. Мысалы, 2025-2026 жылдары салада инвестициялық бағдарламалар 101 пайызға орындалып, 6 млрд теңге көлемінде қосымша инвестиция тартылған.

Осы тұста қазір «Батыс аймақтың электр желілерін күшейту» жобасы аясында Батыс энергия торабын Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесімен біріктіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын айта кетейік. Бұл – апаттық өшулердің алдын алып, өңірдің энергетикалық тәуелсіздігін түбегейлі шешетін тарихи жоба.

ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Табиғи климаты жел мен күн энергиясын өндіруге өте қолайлы Маңғыстау өңірі бүгінде баламалы энергетиканың басты орталықтарының біріне айналды. Қазір облыс желілеріне жалпы белгіленген қуаты 185,6 МВт болатын 8 жаңартылатын энергия нысаны қосылып, өңір экономикасына тұрақты қызмет етіп келеді. Олардың қатарында Түпқарағандағы, нақтырақ айтсақ, Форт-Шевченко маңындағы 43,6 МВт және Ақшұқырдағы 5 МВт станциялар, Қарақия ауданындағы «Сарқылмас Қуат», 4 жел электр станциясы және Маңғыстау мен Мұнайлы ауданындағы 3 күн электр станциясы бар.

Өңірдің «жасыл» энергетика саласында да айтарлықтай өсім бар. Мәселен, 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» желілері арқылы жел және күн электр станциялары өндірген 244,5 млн кВт сағат таза электр энергиясы тасымалданды. Биыл қуаты 20 МВт болатын Stellar Energy күн электр станциясы іске қосылды. Бұның бәрі аймақ билігінің «жасыл» энергетика саласына мықтап көңіл бөліп отырғанын аңғартады.

Энергетика министрлігі де бұған дейін Маңғыстау облысын еліміздегі жаңартылатын энергия көздері мен «жасыл» сутегі жобаларын дамытудың басты алаңы ретінде бағалауы тегін емес. Өңірдің жел мен күн әлеуеті өте жоғары. Жұмыс істеп тұрған 8 нысаннан бөлек, ірі халықаралық инвесторлардың қатысуымен жүзеге асатын мегажобалар батыстағы аймақтардың энергетикалық теңгерімін жаңа деңгейге шығарады.

Маңғыстау облысында халықаралық Svevind Group компаниясы қатысатын Hyrasia One «жасыл» сутегі мегажобасы әзірлену үстінде. Жоба аясында ауқымды жел және күн электр станцияларын салып, өндірілетін энергияны жасыл сутегі өндіруге пайдалану көзделген. Қазір жобаның техникалық және инфрақұрылымдық мәселелері пысықталуда. Жоба аясында 40 ГВт-қа дейін жел және күн электр станцияларын салу және жылына 2 миллион тоннаға дейін «жасыл» сутегі өндіру жоспарланған. Бұл әлемдегі ең ірі «жасыл» энергетикалық жобалардың бірі болуы мүмкін. Егер жұмыстар жеделдеп, құрылыс басталар болса, Маңғыстау өңірінің энергетика саласын, соның ішінде «жасыл» энергетика бағытындағы адымын жемісті санауға болады.

Түйіндей айтқанда, кейінгі екі жылда атқарылған кешенді жұмыстар Маңғыстау облысының энергетикалық инфрақұрылымын жаңа сапалық деңгейге көтерді. Қолданыстағы қуат көздерін жаңғырту мен «жасыл» технологияларды ұштастыру арқылы өңір өзінің тұрақты дамуына берік іргетас қалады.

АЛАҢ

28 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

КЕМЕЛДІК КІТАПХАНАДАН

Елімізде «Кітап оқитын ұлт» қалыптастыру бастамасы көтеріліп, кітап оқу мәдениетін дамытуға басымдық беріліп отыр. Алайда бұл мақсатқа жету үшін оқырманның кітапқа деген қызығушылығын арттырумен қатар, кітапханалардың да жағдайын жақсарту қажет. Өйткені бір жерде заманауи құрал-жабдықпен қамтылған, жаңа жобаларды жүзеге асырып жатқан кітапханалар болса, енді бір өңірлерде әлі күнге дейін апатты ғимараттарда жұмыс істеп тұрғандары бар. Ендеше өңірлік кітапханалардың бүгінгі ахуалы қандай? Кітап қоры оқырман сұранысына сай жаңарып жатыр ма? Кітапханаларды заман талабына бейімдеу үшін қандай жұмыстар қолға алынған? Осындай сауалдардың жауабын сала мамандарынан сұрап білдік.

КІТАПХАНАНЫ САҚТАП ҚОЙМАЙ, ДАМЫТУЫМЫЗ КЕРЕК

– Президентіміз кейінгі кезде кітапханалардың жай-күйі мен олардың қоғамдағы маңызына назар аударып келеді. Осы орайда өңірдегі кітапханалар желісінің қазіргі материалдық-техникалық жағдайы қандай? Жалпы, жағдайы сын көтермейтін кітапханалармен қалай жұмыс жүргізіліп жатыр?

Анар НУРИҚЫЗЫ,
Құрманғазы аудандық ОКЖ басшысы:




– Құрманғазы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты бүгінде барлығы 28 кітапхана халыққа қызмет көрсетіп келеді. Оның ішінде аудандық орталық кітапхана, аудандық балалар кітапханасы және 26 ауылдық кітапхана бар. Әрине, олардың материалдық-техникалық жағдайы біркелкі деп айта алмаймыз. Кейбірі жеке ғимараттарда орналасып, қалыпты жағдайда жұмыс істеп отырса, бірқатарының орналасу мәселесі әлі де өзекті.

Қазір ерекше назар аударуды қажет ететін нысандардың қатарында Лабай және Үштаған ауылдық кітапханаларын атап өтуге болады. Олар клуб ғимараттарының ішінде орналасқан. Бұл ғимараттардың техникалық жағдайы талапқа толық сай емес, апатты деп танылған нысандарда жұмыс істеп отыр. Мұндай жағдайда кітапхананың өз қызметін толыққанды ұйымдастыруы, кітап қорын талапқа сай орналастыруы, оқырманға жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруы белгілі бір деңгейде шектеледі. Дегенмен кітапханашылар қалыптасқан жағдайға қарамастан, ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуді тоқтатқан жоқ. Күнделікті жұмысын жалғастырып, түрлі іс-шара өткізіп келеді. Сонымен қатар аудан кітапханаларының бірқатары мәдениет үйлерінде, клуб ғимараттарында, мектептер мен ауылдық округ әкімдіктерінің ғимараттарында орналасқан. Аудандық орталық кітапхананың жеке ғимаратының болмауы да өзекті мәселенің бірі.

Дегенмен материалдық-техникалық базаны нығайту бағытында оң өзгерістер де бар. Жергілікті әкімдік тарапынан кітапхана саласына қолдау көрсетіліп, 2025 жылы кітапханалардың материалдық-техникалық базасын жақсарту, қызмет сапасын арттыру және оқырманға қолайлы жағдай жасау мақсатында жергілікті бюджеттен 95 927,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлінді. Кітапханаларды цифрлық құрылғылармен қамтамасыз ету аясында компьютерлер жиынтығы, принтерлер, планшетті сканерлер, LED экран және LED жүгірмелі жолақ алынды.

Ғимарат жағдайын жақсарту бағытында да нақты ілгерілеушіліктер бар. Мәселен, биыл Теңіз, Асан және Қызылоба ауылдық кітапханалары жаңа ғимаратқа, клубпен бірге берілген нысандарға орналастырылды. Бұл – ауыл тұрғындары үшін де, кітапхана қызметкерлері үшін де маңызды жаңалық.

Ауданнан шалғай оналасқан Азғыр, Қоңыртерек ауылдық кітапханалары қатты отынмен жылытылады. Бұл да қыс мезгілінде жұмыс барысын ұйымдастыруда қосымша жауапкершілікті талап етеді. Біздің тарапымыздан материалдық-техникалық жағдайы төмен кітапханаларға тұрақты түрде назар аударылып, олардың қажеттіліктері зерделеніп отырады.



Мереке АЙНАҚҰЛОВ,
Тұрар Рысқұлов аудандық ОКЖ директоры:



– Бүгінде Т.Рысқұлов аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 31 кітапхана тұрғындарға қызмет көрсетіп келеді. Жалпы, кітапханалардың материалдық-техникалық жағдайын нашар деп айтуға болмайды. Әрине, уақыт талабына сай жаңғыртуды, жөндеу жұмыстарын қажет ететін нысандар да бар. Дегенмен қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, кітапханалардың жұмысын жандандыру және оқырманға қолайлы жағдай жасау бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Кітапханалардың басым бөлігі мәдениет үйлерінің ғимараттарында орналасқан. Мұны мәдениағартушылық мекемелердің өзара сабақтастығы деп қарастыруға болады. Оның өзіндік тиімді тұстары да бар. Сонымен қатар кітапханалардың жеке кеңістігін қалыптастыру, оқырман залдарын заманауи талаптарға сәйкестендіру – материалдық-техникалық базасын нығайту бағытындағы жұмыстар біздің ауданның ғана емес, жалпы еліміздегі кітапханалардың бәріне ортақ мақсаттың бірі. Бұндай ауқымды міндеттерді бір жылдың немесе бір ғана мекеменің күшімен толық шешу мүмкін емес. Алайда кітапхана саласына деген мемлекеттік көзқарас соңғы жылдары жаңа мазмұнға ие болып келеді. Мемлекет басшысының өзі кітапханалардың қоғамдағы рөліне, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға, осы сала инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударып отыр. Бұл – біз үшін үлкен мүмкіндік әрі жауапкершілік.

Гүлжанат ШАЙБЕКОВА,
Ақтоғай аудандық ОКЖ директоры:



– Бүгінде Ақтоғай аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты 18 кітапхана халыққа қызмет көрсетеді. Оның екеуі – аудандық орталық және балалар кітапханасы, қалған 16-сы – ауылдық кітапхана филиалдары. Соңғы екі жылда аудан кітапханаларының материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, Қарағанды облысы кітапханаларын модернизациялау жөніндегі Жол картасы аясында олардың материалдық-техникалық базасы қажетті деңгейде жаңартылып, қызметіне қажетті заманауи мультимедиалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Ауылдық кітапхана филиалдарының 6-ы – мәдениет үйлерінде, 10-ы ауылдық әкімшілік ғимараттарында орналасқан. Орталық және балалар кітапханалары Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясына қарасты ғимаратта жұмыс істеп жатыр. Қазір аудан бойынша күрделі жөндеуді қажет ететін немесе апатты жағдайда тұрғандары жоқ.

КІТАП ОҚУДЫ ҚОҒАМДЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ АЙНАЛДЫРАМЫЗ

– Елімізде «Кітап оқитын ұлт» қалыптастыру мәселесі жиі айтылып жүр. Алайда бұл бастаманың жүзеге асуы кітапханалардың жағдайы мен кітап қорының сапасына да тікелей байланысты. Бүгінде сіз басқаратын кітапханада оқырман сұранысына сай жаңа әдебиеттермен толықтыру жұмысы қалай жүргізіледі? Кітап қоры соңғы рет қашан жаңартылды және жобалар туралы айтсаңыз.

Анар НУРИҚЫЗЫ:


– «Кітап оқитын ұлт» қалыптастыру бір ғана мекеменің немесе кітапхана қызметкерлерінің міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғам болып атсалысатын маңызды ұлттық бастама. Ал осы бастаманың жүзеге асуында кітапханалардың атқаратын рөлі ерекше. Бүгінде кітапханалар жүйесінің жалпы кітап қоры – 337 677 дана. Оны толықтыру мемлекеттік тапсырыс аясында жүзеге асырылады. Осы жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша 2 134 дана жаңа кітап келіп түсіп, оқырман игілігіне ұсынылды. Бұл – жылдар бойы жинақталған, ауданның руханимәдени өміріне қызмет етіп келе жатқан үлкен қор.

Біздің жүйеде оқырман санын арттыру, кітап оқуға қызығушылықты ояту мақсатында түрлі жобалар мен бастамалар жүзеге асырылуда. Соның бірі – «Бір ай – бір кітап» жобасы. Аталған жоба 2026 жылдың 1 маусымынан бастап қолға алынды. Бұл жоба – мемлекеттік қызметшілерді ай сайын бір туынды төңірегіне топтастырып, көркемсөзді қызметтік әдеппен, адамгершілік таңдаумен және қоғамдық жауапкершілікпен сабақтастыратын әдеби-танымдық бастама. Сонымен қатар оқырманның кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқырмандық тәжірибесін көпшілікке таныту мақсатында «Оқырманға сөз берейік» подкастын жүргізуді қолға алдық. «Бір өлке – бір жазушы» акциясы аясында жергілікті қаламгерлердің шығармашылығына назар аударылып, ауданымыздан шыққан ақын-жазушылардың еңбектері оқырманға кеңінен таныстырылып келеді. Аудандық балалар кітапханасы жанындағы «Қуыршақ театры» және «Робототехника» үйірмелері тұрақты жұмыс істейді.

Мереке АЙНАҚҰЛОВ:

– «Кітап оқитын ұлт» қалыптастыру – өте маңызды әрі ауқымды міндет. Бұл бастама тек кітапханалардың ғана емес, тұтас қоғамның, отбасының, білім беру ұйымдарының ортақ жауапкершілігін талап етеді. Ал осы бағыттағы жұмыстың негізі орталығының бірі, әрине кітапхана болуға тиіс.

КІТІН ТАБАСЫЗ



Кітап қорын толықтыру және оқырман сұранысын қанағаттандыру жұмыстары тұрақты назарда. Біздің Тұрар Рысқұлов аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде жалпы 237 250 дана кітап қоры бар. Оның ішінде мемлекеттік тілдегі кітаптар саны – 165 954 дананы құрайды. Жыл сайын оқырман сұранысын қанағаттандыру мақсатында кітап қорымыз 2-3 мың кітап аралығында мемлекеттік тапсырыс пен жергілікті бюджет есебінен толығып отырады. Оқырманның сұранысы, жас ерекшелігі, қызығушылығы мен қазіргі қоғамның рухани-танымдық қажеттіліктері әрдайым басты назарымызда. Әсіресе қазақ әдебиетінің классикалық мұраларымен қатар, қазіргі заманғы отандық авторлардың шығармаларына, балалар мен жасөспірімдер әдебиетіне, тарихи, ғылыми-танымдық және салалық әдебиеттерге басымдық беру маңызды. Біздің мақсатымыз – кітапханалардағы кітап санын көбейту ғана емес, оқырманға қажетті, сапалы әрі мазмұнды әдебиеттерді ұсыну.

Біздің бұл негізгі жұмыстарымыз «Кітап оқитын ұлт» жалпы ұлттық марафонын іске асыру мен оқырманның марафонға қатысу кезінде де басты басымдығымыздың біріне айналып отыр. Өйткені марафонға таңдалған кітаптардың дені оқырман сүйіп оқитын әрі көркемдік мазмұны жағынан құнды кітаптар десек, сол кітаптардың біздің кітапхананың кітап қорынан табылуы – оқырман мен кітапхананы байланыстыратын негізгі өзек.

«Кітап оқитын ұлт» жобасының «Кітап оқитын зияткер», «Кітап оқитын әулет» бағыттарына басты басымдық беру арқылы кітап оқуды жеке адамның қызығушылығынан отбасылық және қоғамдық мәдениет деңгейіне көтеруді көздейміз. Сонымен қатар әдеби кездесулер, жазушылармен жүздесулер, оқырман пікірталастары, тағы басқа шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырып келеміз. Меніңше, кітапхананың жұмысы өткізілген іс-шаралар санымен немесе оқырманға берілген кітаптар көлемімен ғана өлшенбеуі керек. Ең басты көрсеткіш – кітапханаға келген адамның ой-өрісінің кеңеюіне, кітап оқуға деген қызығушылығының артуына ықпал ету.

Гүлжанат ШАЙБЕКОВА:

– «Кітап оқитын ұлт» қалыптастырудың басты алғышартының бірі – оқырман сұранысына жауап беретін сапалы әрі мазмұнды кітап қорын жасақтау. Бүгінде Ақтоғай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің жалпы кітап қоры 203 377 дана басылымды құрайды. Оның 143 200 данасы – қазақ тіліндегі әдебиеттер. Бұл мемлекеттік тілдегі кітаптардың қорымызда басым орын алатынын көрсетеді.

Кітап қорын толықтыру жұмыстары жыл сайын жүйелі түрде жүргізіледі. Жаңа әдебиеттер бірнеше көз арқылы келіп түседі. Атап айтқанда, мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрген басылымдар, жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен сатып алынатын кітаптар, сондай-ақ авторлар мен жеке тұлғалар тарапынан сыйға тартылған әдебиеттер арқылы қорымыз толығып отырады.



Қазіргі уақытта елімізде жүзеге асырылып жатқан «Кітап оқитын ұлт» жобасы кітапхана жұмысына жаңа серпін беріп отыр. Жоба аясында оқырманның әртүрлі санаттарына арналған кітаптар тізімі ұсынылған. Бүгінде аталған тізімдегі әдебиеттердің шамамен жартысы біздің кітапхана қорымызда бар. Ал жетіспейтін кітаптарды алдағы толықтыру жұмыстары барысында кезең-кезеңімен қамтуға басымдық берілмек.

Оқырманды кітап оқуға ынталандыру мақсатында «Бір айда бір кітап», «Саяхаттаушы кітаптар», «Өлкетану – ұрпаққа аманат» сияқты жобалар жүзеге асырылып, әдебиетті насихаттаудың жаңа тәсілдері қолданылуда.

КІТАПХАНА МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ КЕҢІСТІККЕ АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ

– Қазір кітапхана тек кітап оқитын орын емес, тұрғындардың білім алып, ақпаратқа қол жеткізетін маңызды қоғамдық кеңістігіне айналуға тиіс. Сіз басқаратын кітапхананың алдағы даму жоспары қандай? Ғимаратты жаңарту, оқырманға қолайлы жағдай жасау және кітапхананы заманауи мәдени-ағартушылық орталыққа айналдыру үшін қандай нақты қадамдар қолға алынбақ?

Анар НУРИҚЫЗЫ:

– Алдағы кезеңдегі басты мақсатымыз – кітапханаларды тек кітап беретін орын ретінде емес, тұрғындардың рухани сұранысын қанағаттандыратын, білімін жетілдіретін, бос уақытын тиімді өткізетін заманауи мәдени-ағартушылық орталыққа айналдыру. Бұл бағыттағы өзекті мәселенің бірі – аудандық орталық кітапхананың бүгінгі күнге дейін жеке ғимаратының болмауы. Ауданның басты кітапханасы болғандықтан, оның өз алдына жеке ғимараты, кең әрі талапқа сай оқу залдары, кітап қорын сақтауға арналған арнайы бөлмелері, түрлі мәдени іс-шаралар мен кездесулер өткізуге мүмкіндік беретін кеңістігі болғаны өте маңызды. Жеке ғимараттың болмауы кітапхана қызметін кеңейтуге, жаңа жобаларды толыққанды жүзеге асыруға белгілі бір деңгейде шектеу келтіреді. Сондықтан алдағы жоспарымыздың бірі – аудандық орталық кітапханаға заманауи талаптарға сай жеке ғимарат қарастыру мәселесін шешу.

Кітапханаларды цифрландыру және ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану да өзекті. Біздің кітапханалар жүйесінде 2019 жылдан бері WEB-RABIS бағдарламасы қолданылады. Бұл кітапхана қорын есепке алу, каталогтау және оқырманға қажетті ақпаратты жүйелеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіріп, интернет желісіне қолжетімділікті арттыру, компьютерлік техникаларды жаңарту, электрондық ақпараттық ресурстарды кеңінен пайдалану міндеттері тұр.

Болашақта балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық аймақтар, еркін оқу кеңістіктері, пікірталас алаңдары, цифрлық қызмет көрсету мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейміз. Мен кітапхананың болашағын тек кітап қорымен немесе ғимаратымен байланыстырып қарамаймын. Сондықтан біздің ұстанымымыз – кітапхананы сақтап қана қоймай, оны дамыту, оқырманға жақындату және келешек ұрпақ үшін маңызын арттыру.

Мереке АЙНАҚҰЛОВ:


– Біздің алдағы мақсатымыз – кітапханаларды дәстүрлі кітап беру қызметімен шектемей, тұрғындардың білім алуына, ақпарат алмасуына, шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беретін заманауи қоғамдық кеңістікке айналдыру. Әрине, бұл міндеттердің барлығы белгілі бір қаржылық және ұйымдастырушылық ресурстарды қажет етеді. Жалпы, Мемлекет басшысының кітапхана саласына айрықша көңіл бөлуі, кітап оқитын ұлт қалыптастыру жөніндегі бастамалары бізге үлкен бағдар беріп отыр. Біз осы бағытта жұмыс істеуге ниеттіміз.

Гүлжанат ШАЙБЕКОВА:

– Бұрын кітапхана негізінен кітап алып, мерзімді басылымдар оқитын орын ретінде қабылданса, қазір ол білім мен ақпаратқа қол жеткізетін, шығармашылық ізденіске жол ашатын, адамдарды ортақ қызығушылық төңірегінде біріктіретін мәдени-ағартушылық кеңістікке айналып келеді. Сондықтан біздің алдағы басты мақсатымыз – ОКЖ кітапханаларын заман талабына сай дамытып, әрбір тұрғын үшін қолжетімді, жайлы әрі тартымды орталық қалыптастыру. Бұл бағытта ең алдымен кітапханалардың материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайтуға көңіл бөлінеді. Соңғы жылдары жүргізілген модернизациялау жұмыстары осы бағыттағы маңызды қадам болды. Алдағы уақытта да кітапханаларды заманауи компьютерлік және мультимедиалық техникалармен, қажетті жиһаздармен жабдықтау, қолданыстағы құралдардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету жұмыстары жалғасады.

Қазір ОКЖ бойынша 3 коворкинг орталығы жұмыс істейді. Сонымен қатар кітапхана қызметінің мазмұнын жаңарту да басты назарымызда. Дәстүрлі кітап көрмелері мен әдеби кештермен қатар, кітап талқылау клубтарын, әдеби пікірталастарды, интеллектуалдық ойындарды, шығармашылық кездесулерді, интерактивті іс-шаралар мен цифрлық жобаларды кеңінен ұйымдастыруды мақсат етіп отырмыз. Әсіресе жас ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыратын тың форматтарға басымдық беріледі. Кітапхана қызметін цифрландыру, электрондық ақпараттық ресурстардың қолжетімділігін арттыру, әлеуметтік желілер арқылы кітап пен оқуды насихаттау да алдағы жұмысымыздың маңызды бағытының бірі болмақ.

Дайындаған
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



Кешегінің ЖАҢҒЫРЫҒЫ және бүгіннің ЖАСАМПАЗДЫҒЫ

ТУҒАН ЖЕР және ӘУЛЕТ

Құдіреті күшті Алламыз әрбір адамды жаратқанда оның туған жерін анықтайтыны ақиқат. Маған тарихы ұзақ, шежіресі бай көне Әулиеата өлкесінде тууды бұйырыпты. Ежелден адам баласының бесігі болған Талас өзенінің Қазақстанға кірер тұсы мен қарт Қаратау басталатын шұрайлы да шырайлы «Жасөркен» деген ауылда туыппын. Оның осы атауын атақты ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болған Төлеген Тәжібаев қойыпты. Өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ «өссін», «өркен жайсын» деген ниеттен туған атау болса керек.

Бұл – көне түркілердің аса байырғы мекені. «Жасөркеннен» таяу тұста Қазақстан мен Қырғызстанның шекарасы бар. Осы маңда 751 жылы атақты Атлах немесе Талас шайқасы болыпты. Осы жойқын шайқаста қытай әскерін жеңген бабаларымыз тарихи дамудың бағытын айқындапты. Соның арқасында бұл өңірді байырғы түркілер, қазір біздер, яғни қазақтар мекендейміз. Біздің ауылдың оң жақ беткейінде биік шыңдары бар Тянь-Шань таулары, сол жақ беткейінде Қаратаудың сілемдері жайылып жатыр. Олардың ортасында егіншілік пен мал шаруашылығына ыңғайлы, аса нулы, сулы алқап орналасқан. Табиғаттың жайлылығы бұл арада адамзаттың байырғы өркениетін жасаған. Оның айғағы, Тянь-Шань тауларының біздің жақ беткейіндегі көне петроглифтер.

Егіншілікпен айналысқан елдің адамдары еңбекқор келеді, балалар да еңбекке оқушы шағынан бастап араласады. Оны өз басымыздан кештік. Соғыстан кейінгі бейнетті балалық шақ туралы қазақ әдебиетінде өлеңдер де, әңгімелер де баршылық. Осы жылдар бізді шынымен шынықтырды. Ата-ананың қадірін, еңбекпен келген нанның, оқудың қадірін білуге үлкен өмірдің өзі үйретті. Соғыстан жеңіспен оралып, жаралы келген әкем Ешенқұлдың өнегесі мен табандылығы, отбасының ауыртпалығын көтерген анам Айбүбінің өмірі және жалпы сол кездегі халықтың тағдыры бізді есейтті.

Сол шақты қазір еске алсам, қиындықтан алып шыққан адамдардың бір-біріне деген айрықша бауырмалдығы және еңбекке деген құлшынысы екен. Мейірім мен еңбекқорлық кімді болсын мұратына жеткізетіні қазіргі заманда көбірек насихатталса деп ойлаймын да, тәуелсіз болған қазақ елінің жастарына үлкендерден дарытатын үлгі ретінде осы қасиеттерді атар едім.

Адамның өмірі өзінен басталмайды. Әркімнің артында аталары мен аналарының тағдыры, көшіп-қонған жолы, айтылып қалған әңгімелері тұрады. Біздің әулетте Жантай, Бейбіт, Сарымсақ, Әкім, Ысқақ, Ешенқұл есімдері осылайша ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Дегенмен ауызша шежіреде есімнің айтылуы немесе бір буынның реті өзгеріп кетуі мүмкін. Сондықтан кейінгі әңгімелерді дәлелденген құжаттық шежіре емес, анамнан естіген әулет жады ретінде жеткіземін.

Анамның әңгімесі бойынша арғы аталарымыз Құлан маңындағы Жантай әулетінен тарапты. Жантай ұлдарының бірі Бейбітке: «Қарағым, мұнда мал жайылымы жетеді, бірақ суы тапшы. Дегерездің күнгей жағына қоныс аудар» деп ақылын айтыпты. Осыдан соң Бейбіт ұлдары, немерелерімен бірге, барлығы он екі шаңырақты бастап, жаңа қоныс іздеп шығады. Сөйтіп, олардың ұрпақтары қазіргі «Жасөркенге» келіпті. Сан ұрпақты асыраған бұл мекенде өсіп-өніпті. Бүгінде әрқайсысы – өркен жайған әулет. Бұл біздің әулетке ғана қатысты жайт емес, бүкіл халықтың жайы осылай болды. Жалпы, біздің халқымыз бүгінгі барлығы да баршылық заманға осындай тағдыр талайын еңсерумен келді. Сондықтан бүгінімізге шүкіршілік деп, тарихтың сабағын ұмытпаған абзал.

Қазіргі кезде тарихты білу мен шежірені тану үдерісі жақсы жүруде деп ойлаймын. Ата тегіңді білгенің өте жақсы. Бірақ руға бөліну, өзіңді өзгелерден аскақтатудан сақтанған жөн. Қазақтың аталықтар, рулар бойынша өмір сүруі белгілі бір тарихи кезеңдердің үлесінде. Бүгін бүтін жұрт, егемен елміз десек, бізді біріктіретін азат Қазақстанның тұтастығы мен берекелі ынтымағы.

«БІЛМЕККЕ ҚҰМАРЛЫҚ...»

«Білмекке құмарлық» – Абайдан жеткен ұлағатты сөз. Асылы, адамның кәсіпті, білімді игеруі оның бойындағы ұмтылыстан, яғни құмарлықтан басталады. Біз балалық шағымыздан еңбекке араласып оқуды армандадық. Бізге сол кездегі Жамбыл қаласында, алыстағы Алматыда білім алу мақсат болды да, соған барынша дайындалдық. Бастапқыда қолымыз жеткен ауыл шаруашылық техникумында оқыдық, одан келіп ауылда үлкен еңбекке араластық. Көкейде жоғары оқу орнына түссек деген арман тұрды, бұйыртып оған да жеттік. Алматыдағы байырғы оқу орындарының бірі Ауыл шаруашылық институтында оқыдым. Бұл оқу орны маған тек білім емес, өмірдің университетіндей болды. Көптеген жақсы ұстаздан дәріс тыңдадым, оларды шын ниетіммен құрметтедім, жақсы оқығаныма орай, олар да мені бағалады.

Алпысыншы жылдар Алатау баурайындағы Алматының тамаша кезі деп ойлаймын. Ауасы таза, көгі жайқалған өлеңде «Ару қала», «Арман қала» деп айтылатын Алматының жұпар ауасы таза, көшелерінде жеміс ағаштары төгілген шағы. Қазақстанның барлық өңірінен еңбекпен есейіп келген жастар, сабақтарын үлкен құлшыныспен оқып, достықтары аса шынайы, риясыз болатын. Әр заманның өз ерекшелігі бар. Біз үшін өзіміздің жастық шығамыз, балаларымыздың өзінікі, немерелеріміздің өзінікі деген сияқты. Алайда сол шақтан мен ғажайып тазалықты сезінемін, әсіресе адамдардың өзара қатынастарынан.



Қазіргі жастар бізден әлдеқайда білімді, өйткені оқуға мүмкіндік те, оқудың түрі де өте көп. Тіпті Қазақстаннан тау асып, мұхит асып оқып жатқан жастарымыз баршылық. Әрине, бұған шүкіршілік дейміз.

Қазіргі жастар бізден әлдеқайда білімді, өйткені оқуға мүмкіндік те, оқудың түрі де өте көп. Тіпті Қазақстаннан тау асып, мұхит асып оқып жатқан жастарымыз баршылық. Әрине, бұған шүкіршілік дейміз. Бәлкім, шетелде жүріп біліммен қоса, туған елінің қадірін сезінер, осындай адами сезім күйі оларға туған Отанына шынайы қызмет ету сезімін де сыйлар деп те ойлаймын. Осындай толғаныс сәттерінде туған тілдерін ұмытпаса, атамекеніне ана тілінде қызмет етсе деген тілекте боламын. Өйткені тіл адамның күнделікті сөйлесетін сөзі ғана емес, тіл дегеніміз – сол халықтың сан қатпарлы тарихи зердесі, ұлтының дәстүрі мен мінезі, жалпы халықты халық ететін құбылыс. Сондықтан дана халқымыз «Ана тілі» деп атаған тіліміздің қадірін жастар түсінсе деймін. Халқымыздың даңқты қолбасшысы, қаһарман Бауыржан Момышұлы: «Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл» депті. Қандай қуатты сөздер, тегеурінді ойлар мен төгіліп түскен толғаныстар десеңізші! Тіл ғасырлар бойы халықты сақтап келсе, енді біздің тілді сақтайтын уақытымыз келді. Осыны әсіресе жастарымыз жақсы ұғынса деймін. «Білмекке құмарлық» өзінің ана тілін білуге талпыныстан туса игі деп ойлаймын.

Балаларымызға өнегелі тәрбие мен қажетті білім беруге барынша тырыстық. Ұлдарымыз бен қыздарымыз, солардан өрбіген ұрпақ сапалы білім алды, алды қызметте, арты заманауи оқу орындарында, шүкіршілік етеміз.

АДАМ және ОРТА

Осы жасқа келгенде жақсы ұғынғаным: адам ортаны қалай жасаса, орта да адамды тура солай қалыптастырады. Дана халқымыз: «Адамның күні адаммен» дейді. Өте дұрыс тұжырым. Туған ауылым «Жасөркенде», оқуда Алматыда, қызметте әртүрлі ортада жүргенде маған аса бір жақсы адамдар, оның ішінде құрбыларым, замандастарым, достарым, курстастарым, ұстаздарым, қызметтестерім, жалпы игі тілектегі адамдар кездесті. Мысалы, мен және отбасым үшін қазақ даласының байырғы мекені Сарысудың жөні ерекше.

Сарысу мен үшін қызмет атқарған аудан ғана емес, отбасымызға жақын екінші туған жер болды. Онда барлық іс қазақ тілінде жүретін. Жұбайым Жібек мектепте сабақ берді. Балаларымыз сол өңірдегі мектептерде оқыды, екі қызымыз онжылдық білімін сонда аяқтады. Олардың балалық достары да сол елден шықты.

Сарысуда жүргенде халықтың еңбекке деген көзқарасын ерекше бағаладым. Кішкентайынан тірлікке араласатын, жұмысты тек күнкөріс емес, абырой деп білетін адам көп еді. Сол еңбекқорлық пен елдік мінезді ұмытқан емеспін. Күнделікті қалыпты өмірдің өзі бізді тәрбиелейді, жаманнан жиренеміз, жақсыдан үйренеміз, сөйтіп біздің барлық мінезіміз қалыптасады. Әрине, кітаптан немесе ойшыл адамдардың сөздерінен тағылым дарытамыз. Сондай-ақ көркем мінезді қарапайым адамдар да бізге игі әсер етеді. Қызу еңбектің ішінде жүргенде өз басым сондай адамдарды жиі кездестірдім. Данышпан Абай қарасөзінде: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады» депті. Шынында да солай, біз жақсыларға жақын жүрдік, солардың өнегесін сезіндік.

Елде жақсы, ізгі ниеті мол адам көп болса, сол көптің де өмірі жақсы болмақ. Адамға ең алдымен мықты денсаулық, берекелі отбасы, әділетті қоғам, таза табиғат, сапалы білім керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан», «Әділетті қоғам», «Адал азамат» идеяларын ұсынып, бұл үлкен бастамалар тұтас еліміздің баянды мұратына айналуда. Адам баласының лайықты өмір сүруі үшін бұл аса қажет ұғымдар. Ол күнделікті қарапайым тұрмысымыздан бастау алып, үлкен мемлекеттік жұмыстарға дейін ұласады. Қазақ елінің осындай ұлы мұратын көру – біз сияқты ақсақал адамдарға үлкен сенім мен қуаныш. Жастар неғұрлым соны жақсы ұғынуы керек, өйткені жарқын өмір де, жақсы тіршілік те солардікі. Сонда біз бәсекесінің бәсі биік әлемдегі жасампаз елге айналамыз.

Ілияс ЕШЕНҚҰЛОВ,
еңбек ардагері

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

28 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

Талаптан Ахметжан – қазақ әдебиетінде нәзік лиризмімен, адам жанының иірімдерін терең бейнелеген сыршыл шығармаларымен өзіндік қолтаңбасын қалдырған қаламгер. Қысқа ғұмырында оқырман жүрегіне жол тауып, соңына тағылымды әдеби мұра қалдырды. Жазушының шығармаларындағы сезімталдық пен ізгілік оның адами болмысынан да айқын аңғарылатын. Бүгін біз қаламгердің көпшілік біле бермейтін қырлары, азаматтық болмысы туралы жан жары Риза Әділбекқызымен сырласқан едік.



Назға толы НҰРЛЫ әлем

– Риза апай, биыл Талаптан Ахметжанның туғанына 65 жыл толады. Оқырман оны сыршыл жазушы, парасатты қаламгер ретінде таныды. Ал Сіз оның жан жары ретінде қандай қасиеттерін ерекше бағаладыңыз? Көпшілік біле бермейтін жазушының болмысы қандай еді?

– Тәкеңнің бойында жақсы қасиеті көп еді. Солардың ішінде ерекше бағалайтыным – адамгершілігі, адалдығы, еңбекқорлығы, балажандығы. Ол адалдықты өмірінің өзегіне айналдырған адам еді. Отбасына да, бала-шағасына да, достарына да, атқарған қызметіне де адал болды.

Еңбекқорлығы туралы өз алдына бір әңгіме. Таңның атысынан түннің бір уағына дейін жұмыс істеуден жалықпайтын. Көңілінде бір шығарманың желісі пісіп-жетіліп, ойы маза бермей жүрсе, таңертең ерте тұрып жазатын. Жұмыстан келген соң да түн ортасына дейін қаламын қолынан тастаған жоқ. Қызметте жүріп те бірнеше міндетті қатар алып жүрді.

Тағы бір ерекше қасиеті – қарапайымдылығы. Қандай жоғары қызмет атқарса да, адами қалпынан айнығаны емес. Жасыратыны жоқ, кейбір адамдар қызметі жоғарыласа, бұрынғы достарын ұмытып, өзінен лауазымы төмен адамдарды менсінбей жататыны бар ғой. Тәкеңнің бойында ондай қасиет мүлде болған жоқ. Өзінің басшысынан бастап, көлік жүргізушісіне дейін бәріне бірдей құрметпен қарайтын. Адамдарды атқаратын қызметіне, қоғамдағы дәрежесіне қарай бөліп-жарған жоқ.

– Талаптан ағаның негізгі мамандығы инженер болған екен. Еңбек жолын өндірістен бастаған азаматтың әдебиет әлеміне бет бұруының сыры неде?

– Тәкең құрылыс институтын тәмамдағаннан кейін Өскемендегі цемент зауытында шебер болып еңбек жолын бастады. Алайда әдебиетке деген құштарлығы бала кезінен қалыптасқан екен. Өзінің айтуынша, мектеп қабырғасында жүргенде жаңадан жарық көрген кітаптарды іздеп жүріп оқитын болған. Әкесі де ауыз әдебиетін жақсы білген, балаларына ертегі айтып, жыр-дастандарды оқып беретін көрінеді. Мұның да Тәкеңнің әдебиетке жақын болуына ықпалы тиген шығар деп ойлаймын.

Сыныптастары да ол туралы қызықты естеліктер айтып отырады. «Біз бір беттік шығарманы әрең жазып жүргенде, Талаптан бес-алты, кейде он бетке дейін жазатын», – дейді. Әдебиет пәнінен сабақ берген Уәш апайы оның шығармаларын бүкіл сыныптың алдында оқып, әр сөйлеміне, әр сөзіне, ойының тереңдігіне тоқталып, оқушылармен бірге талдайтын болған. Ұстазының осындай ықыласы мен қолдауы да оның әдебиетке деген талабын ұштай түскені анық.

Студенттік шағында мақалалары мен шағын өлеңдерін облыстық газет беттерінде жариялап жүрді. 1988 жылы Алматыда өткен үлкен жастар фестиваліне қатысып, «Айқас» әңгімесі үшін жүлделі орын иеленді.

Ол жылдары Алматыда жас ақын-жазушыларға арналған арнайы әдеби курстар ұйымдастырылатын. Белгілі қаламгерлер әдебиетке енді қадам басқан жастардың шығармаларын оқып, талдап, бағыт-бағдар беретін. Тәкең де Әкім Тарази, Қалихан Ысқақ, Оралхан Бөкей сияқты қарымды қаламгерлердің дәрістеріне қатысып, шығармаларына жоғары баға алған. Осының бәрі оның болашақта жазушы ретінде қалыптасуына үлкен әсер етті деп ойлаймын.

– Қаламгердің Өскеменнен Алматыға қоныс аударуына да осы әдебиетке құштарлығы себеп болған секілді.

– Мен мұны үнемі айтып жүремін. Алматыға қоныс аударуымызға, біріншіден, Алланың қалауы болса, екіншіден, Дидахмет Әшімханұлы ағамыз бен Асқар Алтайдың ықпалы болды. Сол кісілер Талаптанға: «Алматыға кел. Мұнда әдеби орта бар, шығармашылықпен айналысуыңа, кітаптарыңды шығаруыңа мүмкіндік болады», – деп жиі айтатын.

Ол кезде Тәкең Шығыс Қазақстанның телерадиосында маман болып жұмыс істейтін. Алматыға келгеннен кейін әуелі «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі болды. Одан кейін «Қазақ әдебиеті» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. Сөйтіп, әдебиеттегі аға буын өкілдерімен, өзінің ақын-жазушы замандастарымен етене араласып, шығармашылық ортаның ішіне бірден сіңісіп кетті.

– Арман қуып Алматыға келген жас отбасының тұрмыс-тіршілігі қалай қалыптасты? Қаламгерлік жолдың қиындығын бірге өткерген жылдарыңызды қалай еске аласыз?

– Әрине, қиындықсыз болған жоқ. Біздің кезімізде де, қазіргі уақытта да жас отбасылардың алдынан шығатын ең үлкен мәселенің бірі – баспана. Бұрын жас мамандарға мемлекет тарапынан баспана берілетін еді ғой. Ал біз Алматыға көшіп келген тұста заман өзгеріп, ондай мүмкіндік болмай қалды.

Бір пәтерден екінші пәтерге көшіп, біраз қиындық көрдік. Тіпті үлкен қызымызды бір-екі жылға әке-шешемнің қолына қалдыруға мәжбүр болдық. Дегенмен өмір жолымызда қанша қиындық кездессе, сонша жақсы адамдар да жолықты. Сол кісілердің мейірімін, қамқорлығын көрдік. Қиналған сәттерімізде қол ұшын созған азаматтар аз болған жоқ.

Солардың бірі – Заманбек Нұрқаділов ағамыз. Ол кісі сол жылдары Алматыға жаңжақтан келген, баспанасыз жүрген жас отбасыларға үй салу үшін жер телімдерін бергізді. Бізге де Алматының шетіндегі «Шаңырақ» ықшамауданынан алты сотық жер бұйырды. Тәкеңнің досы Асқар Алтай да сол жерден қатарлас жер телімін алды. Сөйтіп, жоқтан бар жасап, өзімізге шағын баспана тұрғыздық.

Тәкеңе ерекше көмек берген азаматтардың бірі – Алтынбек Сәрсенбаев. Талаптан министрлікте бір мекеменің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Министрлік қызметкерлеріне пәтер беретін кезде Талаптан да өтініш жазған ғой. Министр «неше баласы бар?» деп сұрапты. Ол кезде үш баламыз бар, төртінші балама аяғым ауыр. «Үш баласы болса, үш бөлме берілсін» деп қол қойыпты. Қазір тұрып жатқан пәтеріміз – сол министр берген баспана.

– Ол кісінің шығармаларына арқау болған кейіпкерлер бар ма?

– Әрине, болды. Өскеменде тұрған жылдары да бірнеше пәтер ауыстырдық. Үй иесінің көбі орыс ұлтының өкілдері еді. Сол кісілердің бейнесі әлі күнге дейін көз алдымда. Тіпті олардың бірі Тәкеңнің кейіпкеріне айналды.

Алғаш шаңырақ көтерген жылдары Тоня әжейдің пәтерін жалдап тұрдық. Жалғызілікті кісі болатын. Кейін сол кісі туралы Тәкең «Тозақ оты» шығармасына арқау етті.

Одан кейін Шоссейная деген көшеде Дуся әжейдің үйін жалдап тұрдық. Бір қызығы, бүгінде сол маңайдағы көшелердің біріне Талаптанның есімі берілген. Шағын ғана көше болса да, соған ризамыз. Қазір сол көшеде Талаптанның бауыры отбасымен тұрады. Үйлеріне қонаққа барған сайын көше атауынан Тәкеңнің есімін көріп, бір қуанып қаламыз.

– Екеуіңіз Қалтай Мұхамеджановтың «Пай-пай, жұбайлар-ай!» қойылымына дайындық кезінде танысып, Талаптан ағаға вальс билеуді үйреткен екенсіз. Сахнада басталған сол таныстықтың махаббатқа ұласқан шағын қалай еске аласыз?

– Сахнада танысқан шағымыз бірте-бірте достыққа ұласып, кейін Тәкең сезімін білдіріп, туған күніме өлең жолдарын сыйлап, достарымыздың алдында оқып берді. Жаны нәзік, жақсы адам екені мінезінен, болмысынан сезіліп тұратын. Тойымыз 1 қыркүйекте өтті. Жарықтық Тәкең «Бұл күн ұмытылмайтын болды. Болашақта балаларымыз мектепке барған сайын осы күнді ерекше тойлайтын боламыз» дейтін еді.

– Жазушының «Сұлу мен суретші» шығармасын оқығанда оның сұлулық пен махаббатты ерекше қастерлегенін аңғарамыз. Ал өмірде жазушы Сізге деген сезімін қалай білдіретін еді?

– Тәкең өте биязы, мінезі жібектей жан еді. Сезімін де көбіне өлеңмен жеткізетін. Оның маған деген қамқорлығы күнделікті тіршіліктегі қарапайым әрекеттерінен-ақ аңғарылатын. Әлі есімде, жұмысқа орналасып, алғашқы айлығын алғанда радио сатып алып келіпті. Ол кезде өз алдымызға пәтер жалдап, енді ғана шаңырақ көтеріп жатқан шағымыз. Үйімізде теледидар да, радио да жоқ болатын. Тұңғышымыз Бұлбұлға ойыншық сары балапан әкеліпті. «Мен жұмыста жүргенде мына радионы қосып қойып, әлемде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып отырасың, ән тыңдайсың», – деген еді. Тұрған пәтеріміздің екі үлкен терезесі болатын. «Саған теледидардың да қажеті жоқ-ау, мына екі терезеден-ақ бүкіл ауылдың жаңалығын көріп отырасың», – деп қалжыңдайтын.

Көңілімде ерекше сақталып қалған тағы бір оқиға бар. Тұңғышыма аяғым ауыр кез еді. Бір күні таңертең оянып, ыстық бәліш жегім келіп: «Шіркін, қазір бір ыстық бәліш болса ғой», – дедім. Тәкең көп ұзамай сыртқа шығып кетті. Ол келгенше шайымды қойып, дастарқан жайып, күтіп отырдым. Ол кезде жер үйде тұратынбыз. «Қайда кетті екен?» деп қайта-қайта терезеге қараймын. Біраздан соң Тәкең де келді. Үстінде қоңырқай түсті күртешесі бар еді. Үйге кірген бойда күртешесінің түймелерін ағытып, ішінен бір нәрсе шығара бастады. Сөйтсем, маған ыстық бәліш әкеліпті.

Үйімізден үш аялдамадай төменірек жерде ыстық бәліш пісіретін аспаздық болатын. Студент кезімізде сол жерге жиі барып, бәліш сатып алатынбыз. Тәкең менің бірауыз сөзімді жерге тастамай, ерінбестен автобусқа мініп, сол жерге барып келіпті. Бәліш суып қалмасын деп күртешесінің ішіне салып, бауырына басып әкелген ғой. Осындай сәттерді қалай ұмытасың?! Оның маған деген махаббаты мен мейірімі осындай қарапайым, бірақ жүрекке жылу сыйлайтын әрекеттерінен көрінетін. Қазір ойласам, сол бір күндер нағыз қимас кезеңдер екен...

– Әңгімеңізден байқасақ, аға өте мейірімді, биязы адам болған секілді. Ол кісінің балаларына деген қамқорлығы да бөлек болған шығар. Балаларының бойынан әкесінің қандай қасиеттерін көресіз?

–Тәкеңнің артында төрт перзенті қалды. Жазушы Марат Қабанбайдың отбасымен көрші тұрдық. Қиналып, көзіме жас алған сәттерде Сәуле апайымыз үнемі жанымнан табылып, жұбатып отыратын. «Жылама, айналайын! Алдыңда төрт перзентің өсіп келеді. Бірінің сөзі, бірінің көзі, енді бірінің мінезі әкесіне ұқсайды. Ендігі жерде солардың амандығын тіле», – дейтін. Расында да, балаларымның әрқайсысынан Тәкеңнің бір қасиетін көремін. Түр-келбеті, мінезі, болмысы әкелерінен аумайды. Тәкеңнің әдебиетке, өнерге деген сүйіспеншілігі де балаларына дарыған секілді.

Тұңғышымыз Бұлбұл әкесі сияқты өте еңбекқор. Ләззатымыз әкесі секілді сурет салуға бейім, музыканы жақсы көреді. Әйгерім бала күнінде өлең жазатын. Қазақ әдебиетін де, шетел әдебиетін де ерекше сүйіп оқиды. Шығыстану факультетін тәмамдады. Тіпті дипломдық жұмысында корей жазушысы мен әкесінің шығармаларын салыстыра отырып, олардың шығармашылық үндестігі мен өзіндік ерекшеліктерін зерттеді. Кенжеміз Мағжан да жоғары оқу орнын бітірді. Оның салмақтылығы, сабырлы мінезі әкесін еске салады.

Балаларыма үнемі: «Әкелеріңнің атына кір келтірмеңдер, оның абыройын аласартпандар» деп айтып отырамын. Әке есіміне құрметпен қарау, оның адамдық қасиеттерін бойға сіңіру перзент үшін үлкен жауапкершілік қой. Шүкір, балаларым «Талаптанның баласы» деген атқа дақ түсірмей, әке өнегесін өмірлеріне өзек етіп, әрқайсысы өз жолымен келе жатыр. Төртеуінің бойынан Тәкеңнің болмысын көрген сайын оның ғұмыры перзенттері арқылы жалғасып жатқанын сезінемін. Мен үшін бұдан асқан медет, бұдан асқан жұбаныш жоқ.

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС

ДАМУ

28 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ



Отбасылық құндылық – ұлттың рухани тірегі

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Шымкентте отбасылық және гендерлік саясатты жүзеге асырудың кешенді жүйесі қалыптасып келеді. Шымкент – еліміздегі үшінші мегаполис қана емес, сонымен қатар отбасылық және демографиялық саясатты жүйелі жүзеге асырып отырған өңірлердің бірі. Соңғы апталарда қалада бірінен-бірі мазмұнды, бірінің жалғасы іспеттес бірнеше маңызды іс-шара өтті. Қала әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның кезекті отырысы, «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» науқаны аясындағы кездесулер және осы тақырып аясындағы республикалық рухани-танымдық форум. Осының барлығы бір ортақ мақсатқа отбасын қорғау, ана мен баланың құқығын күшейту, әйелдің қоғамдағы рөлін арттыру және зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруды көздеді.

ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ШАҒЫН ҮЛГІСІ

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбектің қатысуымен өткен қала әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның кезекті отырысында күн тәртібіне үш өзекті мәселе шығарылды. Көпбалалы және жалғызбасты аналарға көрсетілетін әлеуметтік қолдау, «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» науқанын өткізу және қаланың бес ауданында отбасылық және гендерлік саясат жөніндегі жоспардың орындалуы жан-жақты талқыланды. Жиында салалық басқармалар мен құқық қорғау органдарының статистикалық мәліметтері қаралды. Әр ауданның әлеуметтік жағдайы әртүрлі екені, сондықтан әрқайсысына жеке көзқарас қажет екені айтылды.

Қалалық комиссия төрағасының орынбасары Ардақжан Жәкенованың пікірінше, бес ауданның әрқайсысында өз комиссиясы жұмыс істейді және әр ауданның өзіндік түйткілі бар. Әл-Фараби ауданында жоғары оқу орындары мен студенттер көп болғандықтан, мұнда жастар саясатына басымдық беріледі. Ал Абай ауданында жеке сектор басым, сондықтан тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, мектепке апаратын жолдардың қауіпсіздігі, көшелерді жарықтандыру мәселелері алдыңғы орында тұр. Жаңадан қосылған тұрғын алаптардағы балалардың қажеттіліктерін тұрақты бақылаудың маңызы да атап өтілді. Комиссия жұмысының нәтижелі тұстары да бар. Мәселен, биыл жастарды профилактикалық медициналық скринингтермен қамту деңгейі 70 пайыздан 99 пайызға жуықтаған. Бұл – ана мен бала денсаулығын қорғаудағы нақты жетістік.

Отырыс қорытындысында Шымкент қаласы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Сәрсен Құранбек әлеуметтік қолдау шараларын жалғастыруды, асыраушысынан айырылған көпбалалы отбасыларға көмекті күшейтуді тапсырды. Полиция департаментіне аудан әкімдіктерімен бірлесіп профилактикалық рейдтер ұйымдастыру, Білім басқармасына білім беру ұйымдарындағы алдын алу жұмыстарын күшейту міндеттелді. Жоғары оқу орындары бекітілген жоспарға сәйкес іс-шараларды уақытылы әрі сапалы орындауға тиіс.



Ардақжан Жәкенова комиссия тек есеп тыңдайтын орган емес, кеңес беруші әрі бақылаушы құрылым ретінде жұмыс істейтінін жеткізді. Отырыстар екі айда бір рет өтеді, аралық кезеңде білім беру және денсаулық сақтау мәселелері бойынша тақырыптық жұмыс топтары қызмет атқарады.



АНАНЫҢ ХАТЫ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығы аясында Шымкентте отбасы құндылықтарын нығайтуға арналған республикалық рухани-танымдық форум өтті. Республикалық және қалалық Әжелер кеңесі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Аналар кеңесі және университет жанындағы Тәрбие және тұлғаны дамыту орталығы ұйымдастырған форумға республикалық Аналар кеңесінің төрайымы Нәзипа Шанай, қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек, ғалымдар, психологтар, медиаторлар, педагогтер, қоғам қайраткерлері және еліміздің әр өңірінен келген студент жастар қатысты. Жиында отбасындағы қауіпсіздік, балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру, ұлттық дәстүрлер сабақтастығы, ата-аналардың психологиялық саулығы, құқықтық сауаттылық және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды. Қатысушылар қауіпсіз ортаны қалыптастырудағы ұлттық және отбасылық құндылықтардың маңызын, тұлға тәрбиелеудегі ата-ананың рөлін, қазіргі аналардың психологиялық жағдайын, әйелдер мен балаларды қорғаудың құқықтық тетіктерін, медиацияның мүмкіндіктерін, жастарды берік әрі бақытты отбасын құруға даярлау жолдарын ортаға салды.

> **Науқанның негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне қоғам назарын аудару, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, теңдік, құрмет және қауіпсіздік идеяларын насихаттау. Кездесу барысында қатысушыларға тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары, зардап шеккендерге көрсетілетін көмек түрлері түсіндірілді.**

Жиында сөз алған белгілі журналист, қоғам қайраткері Зәуре Оралбаева: «Зорлық-зомбылықсыз қоғам қалыптастыруға бағытталған акциялардың басты мақсаты – бұл мәселені саналы түрде қабылдап, жүрекпен сезіну. Әркім өз жауапкершілігін терең түсінген кезде ғана қауіпсіз орта қалыптастыра аламыз», – деді. Форум соңында қатысушылар отбасы құндылықтарын нығайту, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау туралы ортақ үндеу қабылдап, студент жастарға «Ана хаты» табысталды.

БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында өтетін «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» халықаралық науқаны аясында Шымкенттің Әл-Фараби ауданында, политехникалық колледжде тағылымды кездесу өтті. Науқанның негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне қоғам назарын аудару, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, теңдік, құрмет және қауіпсіздік идеяларын насихаттау. Кездесу барысында қатысушыларға тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары, зардап шеккендерге көрсетілетін көмек түрлері түсіндірілді. Көмекке мұқтаж болған жағдайда тиісті мемлекеттік органдарға дер кезінде жүгіну қажеттігіне ерекше назар аударылды.

Кездесуде сөз алған Әл-Фараби ауданы әкімдігінің бөлім басшысы Бақтияр Сәлиев мұны іште сақтауға болмайтынын, онымен бірге күресуіміз қажет екенін атап өтті. «Қазақстан Республикасы әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігі қалалық филиалының төрағасы Баян Жандосова: «Біз мәселесі бар отбасыларды анықтап, психологиялық және өзге де көмек көрсетеміз. Мұндай мәселелерді жасыруға болмайды. Себебі дерт туралы айтылмаса, оның неге әкелетінін білесіздер», – деді.

Осы кезеңде қалалық Полиция департаментінің қызметкерлері де тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, халықты қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар ету бағытында профилактикалық акциялар өткізуде. Алайда полиция мәліметінше, қалада жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар мен мектепте оқушы қыздарға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларының көрсеткіші өсіп отыр. Бұл – алдағы жұмысты күшейтуді талап ететін дабыл.

Шымкентте атқарылып жатқан осы жұмыстардың басты ерекшелігі – кешенділік. Әлеуметтік қолдау, құқық қорғау, білім беру, денсаулық сақтау және қоғамдық ұйымдар бір алаңда тоғысып отыр. Әр ауданның ерекшелігі ескеріліп, әр отбасыға жеке көзқарас танытылады. Қауіпсіз отбасы – берекелі қоғамның негізі. Өзара құрмет, қолдау, жауапкершілік және зорлық-зомбылыққа жол бермеу әрбір ұрпақ тәрбиесінің ажырамас қағидатына айналуға тиіс.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ІРГЕСІ МЫҒЫМ

1991 жылдың желтоқсанында Алматы шаһары тарихи шешімнің куәсі болды. Егемендікке қол жеткізген мемлекеттер өзара ынтымақтастықтың ортақ қағидаттарын айқындады. Бүгінде сол кезеңде қабылданған тарихи құжаттың мәні мен мемлекетаралық ынтымақтастықтың келешегін қайта зерделеудің маңызы зор.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Осыған орай таяуда оңтүстік астанасында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қалыптасуына негіз болған – Алматы декларациясының 35 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Алқалы жиында Достастық елдерінің мемлекетаралық байланысын дамытудың басым бағыттары сөз болды. Сарапшылар экономика, көлік, энергетика және гуманитарлық салалардағы әріптестік мәселелерін талқылады. «Алматы декларациясы: диалог, ынтымақтастық және тату көршіліктің 35 жылы» атты конференцияны Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты, Сыртқы істер министрлігі және Алматы қаласының әкімдігі бірлесіп ұйымдастырды.

Конференцияның Алматыдағы Достық үйінде өтуі де тегін емес. 1991 жылғы 21 желтоқсанда дәл осы ғимаратта Алматы декларациясына қол қойылды. Конференция қатысушылары арадан 35 жыл өткен соң тарихи құжат қабылданған шаңырақта бас қосып отыр.

Жиынды ашқан ҚСЗИ директоры Жандос Шаймарданов өз сөзінде конференцияның Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ұйымдастырылғанын жеткізді. Биыл қазан айында Авазада өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысында ел президенті халықтар достығы мен ортақ мәдени-рухани мұраны Достастықтың басты байлығы деп атаған еді. Сонымен бірге Мемлекет басшысы ұйымның көпжақты әріптестікті дамытып, мемлекеттер арасындағы сенімді нығайтудағы рөліне тоқталған.

– Алматы декларациясы мемлекетаралық қатынастардың негізгі қағидаттарын: егемендік пен егеменділік теңдігін, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымастығын құрметтеуді, ішкі істерге араласпауды және дауларды бейбіт жолмен реттеуді бекітті. Бұл қағидаттар бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, халықаралық шиеленістің күшеюі мен терең геосаяси өзгерістер жағдайында оларды сақтау тұрақтылықты, сенімді және тату көршілік қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін айрықша маңызға ие. Сондықтан біздің конференциямыз өткенге ғана емес, бүгініміз бен болашағымызға да бағытталған, – деді Жандос Шаймарданов.

Жиын барысында ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедевтің конференция қатысушылары мен ұйымдастырушыларына жолдаған үндеуі оқылды. Ол Алматы декларациясының Достастық тарихындағы маңызына тоқталды.

– 1991 жылдың желтоқсаны – ұйымға мүше елдер үшін тарихи бетбұрыс. Декларацияның қабылдануы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының кең ауқымды қатысушылары бар мемлекетаралық бірлестік ретінде құрылуын нақты іске асқан факт ретінде бекітті. ТМД бүгінде Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, орнықты дамуға ықпал ететін беделді әрі тиімді халықаралық ұйым ретінде қалыптасты, – деді Сергей Лебедев өз үндеуінде.

Конференцияның негізгі бөлімі төрт тақырыптық сессияны қамтыды. Сарапшылар қазіргі геосаяси және геоэкономикалық өзгерістер аясында Достастықтың даму мүмкіндіктері туралы айтты. Тарихи тұрғыдан алсақ, Алматы декларациясы бұрын біртұтас мемлекет құрамында болған республикалардың егемен ел ретінде өзара байланыс орнатуына негіз қалады. Сарапшылар осы ретте егемендік теңдігі, аумақтық тұтастық пен тату көршілік қағидаттарының ықпалын бағамдап, олардың қазіргі халықаралық қатынастардағы маңызын талқылады. Пікірталасты Философия, саясаттану



және дінтану институтының бас директоры Айгүл Сәдуақасова жүргізді.

ТМД Бас хатшысының бірінші орынбасары Игорь Петришенконың айтуынша, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі алғашқы жылдары Достастықтың салалық кеңестері мемлекеттер арасындағы көлік, энергетика және байланыс жүйелерінің сабақтастығын сақтауға мүмкіндік берген. Қазіргі уақытта ТМД шеңберінде салалық ынтымақтастықты үйлестіретін 65 орган жұмыс істейді. Ал 2022-2025 жылдар аралығында Достастық елдерінің өзара сауда көлемі 18 пайызға өскен. Петришенко алдағы уақытта экономикалық әріптестікті тереңдету үшін көлік дәліздерін дамытуға, цифрландыруға және өндірістік кооперацияға басымдық беру қажеттігін атап өтті.

Геосаяси бәсекелестіктің күшеюі халықаралық ұйымдардың алдына тың міндеттер қойып отыр. Бұл жағдайда ТМД жаңа сын-қатерлерге қаншалықты бейімделе алады? Достастық аясындағы көпжақты ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру үшін қандай өзгерістер қажет? Конференцияның екінші сессиясында сарапшылар осы сауалдарға жауап іздеді. «Оңтүстік Кавказ» саясаттанушылар клубының жетекшісі Ильгар Велизаденің пікірінше, Достастықтың келешегі оның сауда, жұмыспен қамту және тасымал саласындағы мәселелерді шешумен байланысты. Сарапшы бұл тұста Қазақстан ұсынған «ТМД плюс» бастамасына ерекше назар аударды.

Ал Арменияның Қолданбалы саяси зерттеулер институтының ғылыми қызметкері Сергей Мелконян халықаралық көлік дәліздерінің әлеуетін толық пайдалану үшін тарифтерді үйлестіріп, транзиттік рәсімдерді жеңілдету және тасымалданатын жүк түрлерін көбейту қажеттігін алға тартты.

Жиынның соңғы сессиясы Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықтың келешегіне арналды. Осы орайда сарапшылар өзара сенімді нығайтуға және өңірдің орнықты дамуына ықпал ететін бастамаларды негізге алды. Әзербайжан Милли Мәжілісінің депутаты Гюльшен Пашаева халықаралық жүк тасымалындағы Орта дәлізді дамытуда Қазақстан мен Әзербайжанның маңызды рөл атқаратынын мәлімдеді. Оның пайымдауынша, дәліздің тиімділігін арттыру үшін кедендік және шекаралық рәсімдерді жеңілдетіп, бірыңғай цифрлық жүккұжат енгізіп, ортақ тариф белгілеу қажет.

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ ЖӘНЕ ДӘРІГЕР ЭТИКАСЫ

«Енді немеремді көтеруге бола ма?». Жүрегіне ота жасатқан атаның дәрігерге қояр ең маңызды сұрағы осы болуы мүмкін. Дәрігер алдымен науқастың қанша салмақ көтере алатынын ойлайды. Ал атаның көз алдында – кешке алдынан жүгіріп шығатын немересі. Екеуі бір мәселе туралы сөйлесіп отыр. Сол сұрақтың ата өміріндегі мәнін ұғу үшін дәрігерге оның әңгімесіне құлақ түру қажет.



Абайдың «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде мынадай жолдар бар:

Ақыл, қайрат,
жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың
елден бөлек.

Осы өсиеттегі «бірдей ұста» деген екі сөздің салмағы бар. Дәрігер ақылға сүйеніп, тексеру нәтижесін саралайды, қандай шешімге негіз барын анықтайды. Ал сол шешімді қарсы алдында үміт пен күдіктің арасында отырған жанға қалай жеткізеді? Абай он жетінші қара сөзінде Ақыл, Қайрат, Жүрек үшеуін Ғылымның алдына әкеледі. Ғылым үшеуінің бірлігін талап етіп, билікті Жүрекке береді. Бұл міндет дәрігерге білімін кімнің игілігіне жұмсап отырғанын еске салады.

Айталық, тексеру нәтижесінде алаңдатарлық өзгеріс байқалды, ал қорытынды диагноз әлі белгісіз. Осындайда «Уайымдамаңыз, бәрі жақсы болады» деген сөз ауызға оңай түседі. Бірақ дәрігер әзірге мұндай уәде бере ала ма? Ненің белгілі, ненің әлі анықталмағанын ашық айтуға қайрат керек. Дәрігердің мейірімі сол шындықты қалай жеткізгенінен танылады. Ол науқасқа естігенін ой елегінен өткізуге мұрсат беріп, сұрағын тыңдап, келесі тексерудің не үшін қажет екенін түсіндіре алады.

Қайраттың сабырды қажет ететін кезі де бар. Науқас «Бұл дәріні ішкім келмейді» деді делік. Дәрігер себебін сұрап, жауабын асықпай күтсе, науқас бұрын бір дәрі ішкеннен кейін өзін жайсыз сезінгенін айтуы мүмкін. Енді екеуі нақты не болғанын, ұсынылған емнің пайдасы мен ықтимал зиянын, басқа қандай таңдау барын талқылай алады. Науқасқа ойлануға уақыт керек болса, дәрігер оның шешімін құрметтеп, келесі кездесуде осы әңгімеге оралуды ұсынады. Мұндағы табандылық – алғашқы «жоқ» деген жауаптан кейін де адамның уайымына көңіл бөліп, оған көмектесудің жолын бірге іздеу.

Дәрігер әдебінің тағы бір өлшемі – науқасқа өз денсаулығы туралы әңгімеде сөз беру. Қарт ана қабылдауға қызымен келді делік. Қызы дәрілердің атын жатқа біледі, тексеру қағаздарын күнімен реттеп әкелген. Мұндайда дәрігер еріксіз қызымен сөйлесіп кетуі мүмкін. Ал анасы дәл жанында отырып, өзі жайлы әңгімені сырттай тыңдап қалады. Сол сәтте «Апа, өзіңізді бәрінен бұрын не мазалайды?» деген бір сұрақ әңгіменің арнасын өзгертеді. Бәлкім, ол кісінің ұйқысын қашырған уайым қағазға мүлде түспеген шығар.

Раушан ТҰРЫМБЕКОВА,
кардиолог, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасының магистранты,

Айнұр АСАН,
PhD, Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер кафедрасының аға оқытушысы

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».
Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады,
шаққан жері жара болады».
Оспанхан дүбәкіров

АРА



«Күле білу – өмір,
күлдіре білу – өнер,
күлкі болу – өлім».
Сейіт Кенжеахметұлы

№184

28.11.2026 ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы

Тазша бала өкпелеп кетті



Таңертең ерте тұрған Тазша бала Есілдің жағасына келіп, серуендеп әрі-бері жүр еді, қасынан зу етіп Желаяқ өте шықты. Оның жай жүргенінің өзі құйын ойнатып, шаң боратады емес пе, Тазша бала тұншығып қала жаздады. Үстібасын қаққыштап Желаяқ кеткен жаққа қатулана қарады. Желаяқ артында Тазша баланың қалып кеткенін, тоқтап оған сәлем бермегенін ойлап кері бұрылды.

Ол келгенде Тазша бала тұнжырап отыр еді.

– Оу, Тазша бала! Тапқырлығыңызбен талайларды таңғалдырып, есінен тандырып едіңіз. Қабағыңыз неге қату? Әлде біреу-міреу өкпелетті ме? – деп замандасына өзімсіне қарады.

– Е, заман бұзылды ма, әлде адам бұзылды ма, білмеймін, бүгінгінің адамдары шындыққа тіптен сенбейтін болды. Бәріне жасанды интеллект кінәлі. Бұрын мен сиыр бағып жалаңаяқ жар жағалап жүргенімде шындықты былай қойып, өтірікті суша сапыратынмын. Оған тіпті патшаның өзі иланып, қызын берген еді. Қазіргінің тастүйнек пәлелері ештеңеге сенбейді, – деп күйінді Тазша бала.

– Ағатай! Көптен бері күле алмай жүр едім. Сол патшаға айтқан өтірігіңізді маған да айтып беріңізші. Бір жадырап қалайын, – деп Желаяқ жата қалып жабысты.

– Айтайын, – деді Тазша бала көптен бері шындығының өзіне ешкім сенбей, теріс қарап кете бергені есіне түсіп.

– Айтыңыз.

– Айтсам, бір еріккен патша «Егер маған келіп кідірмей қырық өтірік айтар адам табылса, оған қызымды беремін. Өтірігіне бірауыз шындық қосылмауы керек. Егер шындық қосылса, басын аламын» деп жаһанға жар салыпты. Патшаның қызынан дәмелі біраз адамның басы шабылыпты. Өтірікке батырып алған бала емеспін бе, алдына жетіп бардым. «Өзің қаршадай бала екенсің, Басың домалап түседі ғой» деп патша мені есіркегендей болды. Сондағы менің айтқаным мынау еді.

– Тақсыр, әкемнің белінде, анамның көңілінде жатып, әкемнің әкесінің жылқысын он бес жыл баққан екенмін! Алған ақыма өзіме қалың беріп, әйел алып, бес-алты бала сүйген екенмін. Сол әйелімнен туған балаларымның қолымдағы ең кенжесі осы уақытта жиырманың бесеуінде, өзімнен он жас үлкен!

Жаздың қайнап тұрған ыстық күні жылқымды суарайын деп құрық үстіне құрық салып, жау тигендей қуалап, айдын шалқар бір көлге келсем, тақсыр-ай, күннің ыстығын содан білерсіз, көлдің суы кісі бойы қол ұсыным мұз болып қатып қалыпты. Балтамен олай да шаптым, былай да шаптым, ойылмады, балтаның жүзі жапырылып қалды. Балтаны қойнима салып, сүйменімді қолыма алып, олай түйдім болмады, бұлай түйдім, болмады, сүйменім майысып қалды. «Енді не қылдым?» деп дағдарып тұр едім, Құдай дес беріп бір амал ойыма түсе қалғаны. Дереу кеңірдегімнен ұстап, басымды кеудемнен жұлып алып, ақырын ғана шекеммен бір шық еткізіп қалғанымда, тақсыр-ай, бірі өтірік болмасын, мың жылқым қатар тұрып су ішетін суат ойылды да қалды. Қатқан мұздың астында қалған алпыс ала үйрек, жетпіс шіл үйрек пыр-пыр етіп ұшып кетті. Және менің бағыма көлдің суы зәрдей ащы шығып, сонда да жылқым ішіп-ішіп, іші-сырты бірдей болып, қарындары қампайды да қалды. Содан соң жылқыларымды көк мұзды жарып шыққан сар балауса мен көк жоңышқаға матап салып, санамай, түстемей, түгендегенімде, Құдай берерінде сүйтіп береді ғой, алты құлаш ала биеден туған, жеті құлаш жирен құлыным жылқының ішінде жоқ, ұры алғанын да білмедім, қасқыр жегенін де білмедім. Жалма-жан құрығымды мұзға шанша салып, басына шығып, төңірекке көз жіберіп едім, көрінбеді. «Құрығым аласа болған шығар» деп құрықтың басына қамшымды жалғадым, көрінбеді, оған пышағымды шаншып, шығып қарап едім, тағы да көрінбеді. Пышағымның басына қынымды шаншып, оған шығып қарап едім, сонда да көрінбеді, көңілім әлі биіктеуде болып, оған тебен шаныштым және көре алмадым. Әбден дағдарған соң құрығымнан ақыл сұрадым. «Апырай, енді не қылайын? Ақылың болса, айтшы» дедім. Ол ант соққан жатып тұрып өзімді сөккені ғой. «Ит болмасаң, айналып-айналып, жерге қарай бергеніңше көзіңді жұмып, аспан жаққа қарасаң болмас па еді!» деді. Ойлап тұрсам, оның сөзі де жөн екен. Дереу қолымды созып жіберіп, бұлттың былайғысын былай, олайғысын олай сыпырып жібергенімде, күннің көзі жарқырап, шайдай ашылды да кетті. Әбден бұралып болып, көзімді шарт жұмып аспанға қарағанымда бұдан артық не тамаша болсын, Темірқазықтың ар жағында, Шолпан жұлдыздың бер жағында манадан қарап, таба алмай жүрген жирен құлыным жайылып жүр екен. Әйелім ұл тапқандай қуанып, құрығымның басында тұрып секіре беріппін, секіре беріппін. Жалмажан құрығымды қайық қылып, пышағымды ескек қылып, теңізге түсе қалып едім, шым батып барамын. Дереу пышағымды қайық қылып, құрығымды ескек қылып түсе қалғанымда кірпік қаққанша зыр етіп теңізден өте шықтым.

Тазша бала осы жерге келгенде Желаяқ жерде жата қалып, ішегі түйілуге айналып, шиқ-шиқ етіп күліп жатыр еді. Бір кезде ол орнынан тұрды.

– Тазша бала! Қатырасың, ә! Мынадай өтірікті ешкім қиюластырып айта алмайды, – деді Желаяқ.

– Неге? Айта алады. Бірақ бүгінгі адамдар шындықтың өзіне де сенуден қалған.

– Сонда олар неге, кімге сенбей жүр?

– Маған сенбей жүр. Кеше мен бір топ адамның ортасында тұрып: «Астанада көпқабатты үйлердің бірінің терезесінен сегіз чемодан лық толы АҚШ доллары лақтырылып, аймақтың бәрін көк қағаз басып кетті. Аспаннан доллар жауған күн болды» десем, ешқайсысы сенбейді. «Тазша бала, сен кәдімгі белгілі суайтсың ғой, бұл өтірігіңді өз замандастарыңа барып айт» деп орталарынан қуып шықты. Тіпті «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының төрағасы мен «Қазақстан темір жолы» АҚ президенті қатар Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің қолына түсті» десем, өзімді мазақ етеді. «Шортандар ұсталатын ба еді? Қайдағыны айтпаңыз» деп құғандай етіп шығарып салды. Соған ренжіп келемін. Бары осы, – деп Тазша бала ауыр күрсінді.

– Терезеден тастағаны сегіз чемодан болса, басқа құпия жерлерге жасырғаны қанша болды екен? – деп Желаяқ таң қалды.

– Тазша бала! Бүгінгінің адамдарын ештеңемен таңдандыра алмайсыз. Одан да Сізді арқалап, өткен ғасырларға апарып тастайын. Сол замандар тыныш, – деді Желаяқ.

Тазша баланың көнбеске шарасы қалмады. Желаяқ Тазша баланы арқасына отырғызды да зымырандай ұшып бара жатты.

Соңында будақ-будақ шаң-тозаң қалды...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

Құдайым-ау, бүгінде бәрі бар, не жегің келсе де, самсап тұр! Бірақ, ақша бірінші орында! Ақша үшін кәсіпкерлер не істемейді?

Сонымен әйеліме бірдеңе дегім келді, бір күні, дүкеннен дайын тұшпара жегім келді. Соны жеген күні бала-шағаммен, үріп шықтық, «иттің етінен жасалған ба?» деп, өзімізше, күліп шықтық! «Тұшпараны өзіміз жасаймыз, базардан ет әкеліп, қайта-қайта асаймыз» деген күні бәріміз бақыра бердік, сөйтсек, сиырдың еті дегеніміз, есектікі болып, « ах-их, ах-их!» деп ақыра бердік.

Ал енді дәлелге жүгінейік. Шымкентте бір кәсіпкерге айып пұл салынды.

Босқа салынды, айыпқа сөйтіп, малынды деп ойлайсыз ба? Шымкенттегі фермалардың бірінде

ЕСЕГІМ-АЙ, *есегім...*



есек асырап, білек сыбана сойғандар «есек етін харам» деп ойламайды. Есектен де есепсіз пайда көргісі келеді. Шаруашылық иесі мамандарға етті қытайға сатпақ болғанын айтыпты. Оқиға Шымкент маңындағы ауылдардың бірінде болған. Тұран ауданының биі Батыр Арыстановқа ауыл тұрғындары аумақты сасық иіс жайлап кеткенін, көшеде «қыдырымпаз» есектердің толып жүргенін айтып, шағымданған еді. Сөйтсе, шынымен айтқандары рас екен. Ауыл биі фермадан 120 есекті өз көзімен көріпті. Сойылған есектердің етін сату фактісі тіркелмесе де, қалалық ветеринария басқармасының мамандары шаруашылық аумағында төрт есектің сойылып, көмілгенін мәлімдеген.

Шынында, базардан ет алуға қорқып қалдық.

Ал, солтүстік Қазақстанда екі бала тұшпара жеп, уланып, ақырында қайтыс болды емес пе. Қызылжар ауданында осындай сұмдық оқиға орын алды. Аудандағы « Надежда» елді мекенінің тұрғыны дүкеннен тұшпара сатып алып, балаларымен қосылып тамақтанған, тұшпараның ақыры қайғылы оқиғаға әкеліп тірелгенін ауыр қабылдадым. Сонымен, не ойладым десеңізші? Базардағы сүтке су қосады, құдай біледі, у қос десеңіз, у қосады... И-и, өмір сүрудің мәні жоқ, « окорачканың» түк дәмі жоқ, ісіндіру үшін шприцпен бірдеңе айдайды екен, өтімді болу үшін, бәрін байқайды екен, қолдың майына маргарин қосады екен, адамдарды алдасаңыз, о дүниенің тозағы тосады екен, шұжық деген колбаса, жесең далбаса, картон қағаз турайды екен, жей қалсаңыз, миың кеуіп, құйрығың курайды екен, кепкен кеспелерде құрт жүреді, ауыздағы пәлекет мұрыннан шығып, жұрт күледі, лепешкаларың созылатын сағыз, енді не жейміз, көз сораңды ағыз, қарбыз жесең, ішіңді силикатпен бүлдіресің, дәретханаға таласып, «менің кезегім!» деп күлдіресің, пісте майыңда бензин бар, темекі тартсаң, лап етіп жанып кетесің, арағыңда у бар, о дүниеңе «ағып» кетесің, қытай жұмыртқасы резеңке, жесең, бірдеңке.... Бәрі «самопал» , қысқасы, адамдар тым қатал... Болашаққа не дейміз, айтшы маған, қарным аш-е-е-п тұр, ертең не жейміз?

Мұхтар ШЕРІМ

Қатираның ҚҰРТ ЗАУЫТЫ

Бүгін біздің үйдің шамы түн ауғанша жанып тұрды. Қартайған әке-шешеміз, балалар алаңсыз шырт ұйқыда. Тек қатыным Қатира екеуіміз әлі көз ілген жоқпыз, Шалқалап жатып, төбеге қарап ұзақ әңгімелестік.

– Нөкен, енді не істемексің? Қаптың түбінде бір қалаш нан піседі. Сенің кітап жазғаның құрсын, ешкімнің оған назары ауып жатқан жоқ, – деп әңгімесін бастады біздің әйел. Бұл оның күнде түн батса көрпенің астында айтатын жаттанды сөзі.

– Театрға қайтадан әртіс болсам ше?

– Ту, анада көрмегенім театр болсын, не абырой, не айлық жоқ дегенің қайда?

– Иә, солай екен ғой. Айтпақшы, құс фабрикасына қи тазалаушы болып тұрсам қалай болады? Айлық бермесе де, ет, жұмыртқа алып тұрасың. Мирамбай соған кіргелі күйленді. Балалары нанға май жағып жейтін болды. Кеше келіншегіне әдемі ақ башмақ әперіпті.

– Жындысың ба? Оған сені алмайды.

– Неге?

– Құс фабрикасының директоры Мирамбайдың келіншегінің нағашы ағасының баласы.

Екеуіміз аунап жатып, әр жұмыстың басын қозғадық. Ешқандай да ретті болмады.

Кенеттен:

– Ойбай, маған бір ой келді, – деп Қатира айқайлап жіберді. Түн ортасында шыққан оқыс дыбыстан үйдегілер елең ете қалды. Дауыс қатты шықты. Көрші үйдің жарығы жарқ етіп жанып, қайта өшті

– Түн ортасында неге айқайлайсың, жұрт қазір не ойлайды? – деп Қатираның аузын бастым.

– Базарға барып құрт сатамын.

– Құртты қайдан аласың?

– Өзім жасаймын.

– Қатырасың, қайда сатпақ ойың бар?

– Қалаға сатамын. Иә, қазір қаланың қазағы үшін құрт таптырмайтын тағам, – деп әйелім көрпесін бүркеніп алды. Мен үндемедім. Іштей келістім. Теріс қарап жатып ұйқыға кеттім. Кедейшілік жанына батқан болу керек, таңертең әйелім ала сиырды желінінен шап беріп ұстап алып, бір шелек сүт сауды. Сүтті ашытқы салып қазанға ұйытып, кенеп капшыққа сүзді. Сүзбені тұз салып қолмен сығып-сығып құрт жасап төбеге шидің үстіне жайып кептірді. Санап қалсақ, 100 құрт шығыпты. Қатын азанда құртты арқалап ауданға кетті. Кешке дейін бір құртты 30 теңгеден сатып, 3000 теңге пайда тауыпты. «Еңбек етсең, емесің» деген осы екен. Тұңғыш рет үйімізге табыс кірді. Қатира мәз. Ұрлық емес, таза адал еңбек. Мың теңгеден артық ақша ұстап көрмеген байғұс, алғашқы табысын қайта-қайта шытырлатып санай береді, санай береді. «Дәнікеннен құныққан жаман» демекші, біздің әйел енді сиырды желінінен қан шыққанша сауып, бұзауын аш қалдыратын болды. Құрт 150-ге көбейді. Табыс молайды.

Арада бір жыл өткеннен кейін, Қатира «құрт қайнататын зауыт ашамын, маған құжаттарын заңдастырып бер» деп мазамды алған соң, арқаланып қалаға бардым.

Қала әкімшілігінде ескі танысым бар еді. Сол кісіні ортаға салмағанда құжаттар дайындаумен бақандай бес жыл жүреді екенмін. Бір аптада шаруамды шешіп берді. Сонымен не керек, «Қатира» атындағы құрт қайнату зауыты өз жұмысын бастап кетті. Зауыттың басты жұмысшылары мына мен, Қатира, әке-шешем және бала-шағам болды. Зауыт деген тек аты болмаса, құртты сол баяғыша қолмен сығып-сығып жасаймыз. Шатырға шығып кептіреміз. Сол-ақ екен, үш күннен кейін үйге салық комитетінен салаң етіп бір жігіт жетіп келді:

– Давай, құрттарыңды шығарыңдар санаймыз...

– Ау, айналайын, оның санайтын түгі жоқ, біз құрт жасауды енді меңгеріп жатырмыз, десем ана жігіт қоятын емес. Тіпті өңменде сабайтын түрі бар. Амалым құрып дереу қаладағы әлгі танысыма, яғни «крышама» телефон соқтым. Құтылдым.

Өрт сөндіру басқармасынан бір әйел келді. Телефон шалып одан да құтылдым. Санитарлық тазалық сақтау бөлімінен келдік деп біреу қырып кете жаздады. іпті балға үймелеген құмырсқадай құзырлы мекемелер бірінен соң бірі келіп, мазамызды ала бастады. «Крышам» болмағанда құрт зауыты өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр еді. Ол аз дегендей ауыл әкімі Талтаңбай былай деп, бір парақ өтініш хат жазып, көмекшісінен беріп жіберіпті: «Қазақта өле жегенше, бөле же» деген мақал бар. Бұрын күндеріңді көре алмай жүрген тұрғындардың бірі едіңдер, біздің арқамызда зауыт ашып, біздің ауылда мол табысқа бөлендіңдер. Күйлендіңдер... Астарыңа машина міндіңдер. Бастарыңа бір-бір құндыз бөрік кидіңдер... Жақында біздің ауылдың құрылғанына 50 жыл толады. Осы торқалы мерекені тойлауға екі қалта құрт және қаржылай көмек беруіңізді әкімшілік атынан өтініп, талап етіп сұраймыз», – депті.

Ел ағасының өтінішін аяқасты етуге бола ма, шама-шарқымыз жеткенше халық үшін хатын қанағаттандырдық. Ауыл әкімі риза.

Бір күні тал түсте төбеде құрт кептіріп отырсам үйге «крышам» телефон соқты.

– Нәке, айналайын амансыңдар ма? Құрт зауыты қалай өнімдерін беріп жатырма?

– Иә, иә, шүкір..

– Нәке, былай ғой, мекемелеріңе міндетті түрде «президент» керек қой.

– Не үшін?

– Ойбай-ау, зауыттың жұмысын бұдан әрі қазіргі заманға сай етіп жандандыруға және шетелдерге құрттарды экспорттау үшін...

– Президентті қайдан табамын?

– Ол жағынан саспаңыз, мен өзім адам жіберемін.

– Жарайды, мақұл...Бірақ, әлгі президентің сонда қайда жатады?

– Ой, сол да шаруа ма, әзірше бір бөлменің бір бұрышына жата тұрсын, кейін пәтер жағын шешерміз. Қысқасы, қатырамыз...

«Крышам» өтініш жасаған соң, амал бар ма, көндік. «Қатира» құрт заутының президенті өз жұмысын бастап кетті. Құрт 5 теңгеге қымбаттады. Зауытқа бұдан басқа ешқандай өзгеріс не тастаймын. Оған құдіретім жетеді. Тоз-тоз болып алдыма әлі талай келерсің, сонда әкеңді көзіңе танытармын... Әй, тіліңді жұтып қойдың ба? Айтшы, неге үндемейсің ааа?...

– Жарайды, аға, мамандарыңызды жібере беріңіз, – дедім.

Бір күнде сау етіп әлгілер жалмаңдап жетіп келді. Бұл жолы Қатира екеуіміз аулаға сәкінің үстіне жататын болдық. Күз де келді. Түн салқын. Бүкшеңдеп бір көрпені таң атқанша ары-бері тартқылаймыз.

Құрт екі есеге қымбаттады, яғни бір түйірі 80 теңгеден болды.



– Обалың жоқ, өзің ғой, зауыт ашам деген, ал не ұттың? Балашаға аздай, құрт зауыттың президенті мен кадр бөлімінің жаңұясын бағып отырмыз, – дедім ашуланып. Күндер зуылдап өтіп жатыр. Қаладағы «крышам» зауытқа тағы екі маман жіберетінін ашып айтты. Бірі заң бөлімінің жетекшісі, бірі қойма бастығы екен.

– Аға, ол мамандардың бізге не қажеті бар?– дей беріп едім.

– Әне, қазақ сүйтеді, шаруаңды тындырып алғаннан кейін мен саған керек болмай қалдым ба? Мына мен болмағанда құрт зауытын аша алар ма едің? Бір звонокпен бизнесіңді жаптырып қышитын көрші ауылдың мал ұрлайтын барымташылары бар. Қорада бұзауы мөңіреп жетім қалды.

Зауытта құрт жасайтын шикізат, яғни сүт жоқ. Ақыры жұмыс тоқтап қалды. Банкрот. Құрт зауыты жабылды.

Түн ызғарлы. Қырдың астында қақаған қыс келе жатқанын ескертеді. Бұрынғыша құрақ көрпенің астында тағы пыш-пыш әңгіме басталды:

– Нөкен, енді не істейміз?

– Мен қайдан білейін? Әйтеуір, «екі қолға бір күрек табылар» деген сөз бар емес па?

– Күрек табылды. Айтпақшы, сен одан да көр қазушы болсаң қайтеді,– деді Қатира. Әуелі селк ете қалдым. Тұла бойым мұздап кетті.

– Не айтып тұрсың, есің дұрыс па?

– Онда тұрған не бар? Ақшасын төлесе болды емес пе?

– Ақшасын төлейді екен деп, сен маған бір күні адам өлтір дерсің...

– Оны айтып тұрған себебім, ауылда көр қазып жүретін Саша деген орыс қайтыс болыпты.

– Иманды болсын...

– Орны бос...

Әңгіменің түйіні осы болды. Шам сөнді. Таңертең қолыма кетпен мен күрегімді алып, егіске емес, қорымға қарай бет алдым...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН,
мәдениет қайраткері





Мұздан келер қауіп көп

Арқада қыс басталмай тұрып-ақ ауа райы суытып, су айдындарында мұз қата бастаған еді. Бұл жағдай жергілікті тәтенше жағдайлар мамандарын алаңдатпай қоймайды. Осындай шақтарда жұқа мұз үстінде болуы мүмкін деген жазатайым оқиғалардың алдын алып отыру олардың әдетіне айналған. Осы мақсатпен Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті кешенді профилактикалық іс-шаралар жүргізіп жатыр.



Қазір қаладағы су айдындарының маңына 270 ескерту белгісі орнатылған. Қосымша белгілерді орнату жұмыстары жалғасып келеді. Су айдындарындағы ахуалды тәулік бойы бақылау және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 152 бейнебақылау камерасы жұмыс істеп тұр. Бұл жайдың бәрін елорданың Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы Қайырбек Тұрсымбаев жан-жақты айтып берді. Оның сөзінше, су айдындары жағалауында жаяу патрульдеу шарасы ұйымдастырылған. Президент саябағы мен коммуналдық жағажай аумағындағы құтқару бекеттерінде құтқарушылар күн сайын кезекшілік атқарады. Сондай-ақ полиция қызметкерлерімен, балық инспекциясымен және еріктілермен бірлесіп, апта сайын профилактикалық рейдтер өткізіледі. Рейд барысында балықшылар мен тұрғындарға мұз үстінде жүру кезіндегі қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп, ақпараттық материалдар таратылып отырады.

– «Мұз» республикалық акциясы аясында су айдындарына жақын орналасқан адам көп жиналатын орындарда түсіндіру жұмыстары күшейтілді. Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасымен бірлесіп, елорданың барлық мектебінде профилактикалық іс-шаралар өткізілді. Оның басты мақсаты – балалардың су айдындарындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалардың алдын алу және жұқа мұз үстіне шығудың қауіпті екенін түсіндіру, – дейді Қайырбек Тұрсымбаев.

Айта кетерлігі, көк сеңнің үстінде жүрудің де өз тәртібі бар. Оның бәрі Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №34 бұйрығында тәптіштеп жазылған. Сол бекітілген су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларына сәйкес, оның үстінде бір адамның қауіпсіз жүруі үшін қалыңдығы кемінде 10 сантиметр болуы қажет. Ал бұқаралық спорттық және мерекелік іс-шараларды өткізу кезінде қалыңдығы кемінде 25 сантиметрге жетуі керек. Қыста балық аулауды ұнататын азаматтар да қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтамаса болмайды. Қатқан сең қабаты сол 25 см-ден аз болса, ондай жағдайда балық аулауға шыққандардың жанында жеке құтқару құралдары болуға міндетті. Ондай құралдар қатарына құтқару кеудешесі, ысқырық, қатқан судан шығуға арналған арнайы сүймендер, диаметрі кемінде 11 мм және ұзындығы кемінде 12 метр арқан, ұзындығы кемінде 2 метр таяқ, сондай-ақ су өткізбейтін қаптамадағы ұялы телефон жатады. Мұз қатып немесе еріп жатқан кезде, қараңғы уақытта, сондай-ақ көріну деңгейі төмен болған жағдайда су айдындарының бетіне шығуға тыйым салынады.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 412-бабына сәйкес, су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бұзғаны немесе орындамағаны үшін оларды сақтауға міндетті тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Жеке тұлғаларға 7 АЕК мөлшерінде айыппұл салу көзделген. Төтенше жағдайлар департаменті қала тұрғындары мен қонақтарын қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға, жұқа әрі толық қатпаған мұз үстіне шықпауға, балаларды су айдындарының маңында қараусыз қалдырмауға және ескерту белгілеріне назар аударуға шақырады. Төтенше жағдай туындаған жағдайда 112 нөміріне дереу хабарласу қажет, – дейді басқарма бастығы.

Мұз жұқалтым болған жағдайда адам өміріне қаншалықты қауіп төндіретінін өткен қыстың статистикасынан да аңғаруға болады. Мәселен, қауіпті оқиғалардың алдын алу мақсатында өткен қыс мезгілінде республика бойынша 30 мыңнан астам рейд пен патрульдеу шарасы ұйымдастырылыпты. Енді соның нәтижесіне қарайық. ТЖМ таратқан мәліметке қарағанда, былтырғы қысқы маусымда елімізде 8 адам мұз үстіндегі жазатайым оқиғалардан қаза тапқан. Одан бөлек, тағы 40 адамды құтқарушылар ажалдан арашалап қалды. Олардың 15-і балалар болып отыр.

Сол үшін қауіпсіздік мәселесінде оның қалыңдығынан бөлек, мына жайттарға да жіті назар аудару керек. Әдетте су айдындарының барлық жерінде қалыңдығы бірдей бола бермейді. Әсіресе өзендердің сағасында, салаларында, ағысы қатты тұстарында, бұлақ көздері мен су өсімдіктері көп жерлерде мұз жұқа әрі әлсіз келеді. Сондай-ақ жылы су мен кәріз сулары келіп құятын аумақтарда беріктігі төмен болады. Қар мен омбы қардың астындағысы да аса қауіпті. Мұндай жағдайда көк сеңнің мығымдығын түсіне қарап-ақ шамалауға болады. Көгілдір түсті болса, ол әлдеқайда мықты деген сөз. Оның қасында ақ түсті түрінің беріктігі одан екі есе төмен екен. Сұрғылт, күңгірт ақ немесе сарғыш реңкті түрлері де сенімсіз саналады. Дегенмен қаншалықты сенімді екенін бір тесіп өлшеп алған артықтық етпейді.

Назар аударатын тағы бір жайт, қыс ортасында ауа райы жылынып кетсе, ол да едәуір қауіп тудыруы мүмкін. Елорданың өзінде осыған қатысты нақты мысал бар. Биыл қаңтарда күннің жылынуына байланысты Есілдің жағалауындағы сырғанақтар мен мұз айдынының жұмысы уақытша тоқтатылғаны есімізде. Сол кезде өзеннің орталық жағажай маңындағы тұсы 37 см-ге дейін қалыңдаса, басқа кейбір тұстарында керісінше 22 см-ге дейін жұқарған. Қалалық департамент осы жайтты дер уақытында ескеріп, тұрғындарды құлақтандырып, шектеу шарасын қолданған болатын.

> **«Мұз» республикалық акциясы аясында су айдындарына жақын орналасқан адам көп жиналатын орындарда түсіндіру жұмыстары күшейтілді. Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасымен бірлесіп, елорданың барлық мектебінде профилактикалық іс-шаралар өткізілді.**

Бекбол АМАНГЕЛДІ

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖУРСІНБЕККЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4820
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Айгүл СЕЙІЛ, Ербол ТҰРЫМБЕТ